





**Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Ғылыми кітапхана**

**Министерство науки и высшего образования РК
Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова
Научная библиотека**

**АБАТ
САТЫБАЙҰЛЫ
ҚЫДЫРШАЕВ**

Орал - Уральск, 2023

ББК 91.9:83
Қ 11
УДК 016:929

Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш /
Құраст.: Г.И. Джанбаева, А.В. Погодаева; Жауапты ред. Т.Е. Алимбекерова.
- Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2023. - 319 б.

Ұсынылған биобиблиографиялық көрсеткіш педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері, Республикалық «Махамбет» әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қыдыршаев Абат Сатыбайұлына арналған.

Сілтемеге 2023 жылға дейін қамтылған ғалымның өмірі мен ғылыми қызметін сипаттайтын материалдар, оның жарияланымдарының тізімі және ол туралы материалдар кіреді. Материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған.

Көрсеткіш студенттерге, оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге және оқырмандардың кең ауқымына арналған

Кдиршаев Абат Сатыбайевич: биобиблиографический указатель /
Сост.: Г.И. Джанбаева, А.В. Погодаева; Отв. ред. Т.Е. Алимбекерова. -
Уральск: РИЦ ЗКУ им. М.Утемисова, 2023. - 319 с.

Предлагаемый биобиблиографический указатель посвящен доктору педагогических наук, профессору, академику Академии педагогических наук Казахстана, лауреату Международной премии имени Махамбета, главному редактору республиканского литературного, культурного и познавательного журнала «Махамбет», члену Союза журналистов Казахстана Кдиршаеву Абату Сатыбаевичу.

В указатель включены материалы, характеризующие жизнь и творческую деятельность ученого, перечень его публикаций и материалы о нем, охваченные по 2023 год. Материалы расположены в хронологическом порядке.

Указатель предназначен для студентов, преподавателей, научных работников и широкого круга читателей.

ББК 91.9:83

© М.Өтемісов атындағы БҚУ Баспа орталығы, 2023

Трибун по жизни



Голос этого человека, крепкий, хорошо поставленный, как у артиста, ни с кем не спутаешь. Потрясающая энергетика, богатый, образный язык, тонкий юмор – вмиг забудешь о проблемах и печалях! И это не удивительно. Учёный, педагог-мыслитель, доктор педагогических наук, профессор, академик Академии педагогических наук Казахстана Абат Сатыбаевич Кыдыршаев известен в научных и педагогических кругах Приуралья и Казахстана как крупный исследователь, занимающийся изучением вопросов языкознания, риторики, лингводидактики. Сегодня он – директор института «Рухани жанғыру» ЗКУ им. М. Утемисова. В текущем году Абату Сатыбаевичу исполняется 60 лет.

Абат Кыдыршаев родился в 1963 году в селе Тайланбай Тенгизского района Гурьевской области (ныне аул Тайланбай Курмангазинского района Атырауской области) в многодетной семье. Отец Сатыбай Кыдыршаулы, ветеринар по профессии, с детства приучал детей к труду, хорошо играл на домбре. Мать Зылиха Сарсенкызы вела воспитательную работу в школе. Такая трудовая и культурно-воспитательная «закваска» потом очень пригодится Абату, определит выбор профессии, главное дело его жизни.

Абат рос трудолюбивым и любознательным. В 1981 году он поступает в Уральский пединститут им. А.С. Пушкина на филологический факультет по специальности «Казахский язык и литература» и четыре года спустя оканчивает его с отличием. Студент Кыдыршаев получал знания у известных преподавателей – Сарсена Акмурзина, Матжана Тлеужанова, Габдырахима Абуханова, Меруерт Жолдыкайыровой, Сериккали Шарабасова.

В 1985 году Кыдыршаев начал трудиться учителем казахского языка и литературы в средней школе Курмангазинского района. Всегда сдержанный и рассудительный, он никогда не ругал учеников, умел убедить любого лентяя

изменить своё отношение к учёбе, обладал талантом красиво и образно говорить.

В 1990-м Абат Сатыбаевич поступает на работу в Уральский пединститут. Теперь он коллега своего недавнего учителя, наставника – Сериккали Габдешевича Шарабасова, по настоянию которого Кыдыршаева и пригласили в известный вуз.

За два года Абат Сатыбаевич проходит путь от ассистента кафедры казахского языка до заместителя декана филологического факультета.

Профессор Сериккали Шарабасов вспоминал: «Нет ничего более дорого казаху, чем брат. Быть братом легко и сложно. Наш младший брат Абат Сатыбаевич Кыдыршаев – человек, оправдавший надежды всех. Он пришёл в наш институт в 1990 году и, будучи интересным, неординарным человеком, словно бросал динамит в своё окружение. Ряды студентов оживали и преображались...»

В 2001 году Абат Сатыбаевич защищает докторскую диссертацию «Научно-методические основы обучения риторике/ для гуманитарных отделений высших учебных заведений». Культура речи, ораторское искусство, риторика стали ведущими в научно-исследовательской деятельности А. Кыдыршаева. Он является автором многих монографий, учебных пособий, методических разработок, научных статей по риторике.

Под руководством Абата Сатыбаевича в ЗКГУ им. М. Утемисова регулярно проходили и проходят международные, республиканские и областные научные конференции по проблемам казахской филологии. На них отмечается роль педагога в обучении и воспитании молодого поколения.

Абат Сатыбаевич в 2007 и 2012 годах удостоивался звания «Лучший преподаватель вуза Республики Казахстан», отмечен грамотами Министерства образования и науки, нагрудным знаком «За вклад в развитие науки РК» (2012 г.), Европейской золотой медалью и дипломом качества Европейской научно-производственной палаты. В 2009 году А. Кыдыршаев стал членом Российской риторической ассоциации (Москва).

В год 210-летия Махамбета в ЗКГУ создаётся научно-исследовательский центр «Махамбет», руководителем которого назначен А. Кыдыршаев.

Высокий профессионализм и организаторские качества Абата Сатыбаевича ярко проявились и на поприще декана факультета культуры и искусств.

Он автор более 500 научных трудов. Под научным руководством Кыдыршаева подготовлено 2 кандидата наук, 30 магистров, 55 учебных пособий, в том числе 5 электронных, 15 учебных программ и 25 учебно-методических пособий для студентов и магистрантов, 7 авторских курсов.

Абат Сатыбаевич Кыдыршаев – член Союза журналистов Казахстана, Почётный гражданин Республики Казахстан, Почётный учитель РК, «Лучший педагог высшего учебного заведения», «Лучший педагог-исследователь», обладатель нагрудных знаков.

Литературный и журналистский талант Кыдыршаева ярко проявился во время его работы собственным корреспондентом республиканской газеты «Үш Қоңыр» по Западно-Казахстанской области, сегодня – главным редактором республиканского литературного, культурного и познавательного журнала «Махамбет». Абат Сатыбаевич был членом редколлегии энциклопедии «Ахмет Байтұрсынұв» (2017), главным редактором энциклопедии «Жұбан Молдағалиев» (2020), руководителем проекта.

А. Кыдыршаев награждён Благодарственным письмом Президента К.К. Токаева.

Коллеги и сегодня очень высокого мнения о юбиляре. Вот как отзывается о нём проектор ЗКУ им. М. Утемисова кандидат педагогических наук, доцент Гуймеш Даришева:

– Абат Сатыбаевич – человек разносторонних интересов, очень трудолюбивый. Он много пишет научных работ, хороший методист, преподаёт методику казахского языка в казахской школе. Имеет большой авторитет среди коллег. Сегодня он возглавляет в ЗКУ институт «Рухани жаңғыру». Это центр, который занимается духовным, культурным и нравственным воспитанием студентов и молодых коллег. Это очень важно во времена, когда нравственные принципы ушли на второй план. Институт «Рухани жаңғыру» и его директор возрождают и поддерживают вековые духовные традиции. Делается это с помощью бесед, лекторских заданий и других педагогических приёмов. Абат Сатыбаевич – редактор журнала «Махамбет»,

который читают во всём Казахстане. В журнале освещается деятельность нашего вуза и его преподавателей, поднимаются актуальные общественные проблемы. Кыдыршаев – прекрасный лектор и пропагандист казахского языка и литературы. С лекциями он постоянно выступает в учреждениях и организациях Уральска, нередко – по их просьбе.

Никогда ни успокаиваться, ни почивать на лаврах, постоянно идти вперёд – таким принципам Абат Кыдыршаев остаётся верен всегда. Он возглавляет большую работу по пропаганде наследия Махамбета Утемисова – организовал конкурс среди учащихся школ, студентов колледжей и вузов по чтению наизусть стихотворений Махамбета. Конкурс, воспитывающий у молодёжи патриотизм, уважение к культурно-историческому наследию, будет продолжен в следующем году.

Жизненное кредо учёного Абата Кыдыршаева можно определить словами казахской народной поговорки: «Искусство – живой ручей, наука – яркий светильник». Абат Сатыбаевич всегда следовал этой истине – тому, что во многом делает человека человеком.

Всю свою жизнь в высшей школе, науке он был и остаётся не только трибуном-оратором, но и трибуном в делах. Неслучайно многие удивляются: как Кыдыршаев всё успевает?! Но иначе и быть не может: соответствие слова и дела – важнейшая черта педагога, учёного. С юбилеем, Абат Сатыбаевич!

Александр Суетин
Фото из альбома А. Кыдыршаева

(Информбиржа. - 2023. - 25 мая. - №21)

<http://ibirzha.kz/tribun-po-zhizni>

АБАТ КЫДЫРШАЕВ: «ЭТОГО ПОСЛАНИЯ МЫ ОЧЕНЬ ЖДАЛИ»

Этого Послания мы очень ждали. Потому что Президент Касым-Жомарт Токаев его анонсировал еще в январе, сразу после трагических событий. Уже тогда стало понятно, что страну ждут новые реформы. Сегодня Президент озвучил их на совместном заседании палат Парламента.



Президент Касым-Жомарт Токаев всегда акцентирует внимание на открытости в ведении государственной политики, опираясь лишь на истину, говорить лишь правду народу, на пути создания «Нового Казахстана». Он предложил новую программу политических реформ, которая направлена на улучшение жизни простых граждан. То есть не реформа ради реформ, а кардинальные изменения во благо социально-экономического развития, укрепления Независимости.

Не секрет, когда в области имеются более одного крупного города решение многих актуальных проблем затруднительно. К примеру, в Семипалатинском регионе множество нерешенных проблем, очень изношена внутренняя инфраструктура, в связи с чем была создана Абайская область. Также Жезказган вновь

станет областным центром Улытауской области. Создание в этом регионе самостоятельной области - важное решение не только с экономической точки зрения, но и духовного: Улытау, который находится в центре бескрайней казахской степи, занимает особое место в истории Казахстана. Здесь проходили великие собрания, где решалась судьба страны. Жители области сконцентрированы, в основном, вокруг этого города. Как отметил Глава государства, невозможно решать вопросы Узынагаша или же Талгара, находясь в городе Талдыкоргане. Чтобы добраться до областного центра, сегодня населению приходится ездить очень далеко. С учетом этих и других обстоятельств он предложил разделить Алматинскую область на две - Жетысуйскую и Алматинскую области.

Сформировать новую область дело нелегкое, однако по сути это поможет решить социально-экономические проблемы простого народа, что позволит сохранить стабильность в обществе и спокойствие. В Новом Казахстане мы должны неизменно следовать принципу «Разные взгляды, но единая нация» и высокая культура диалога и компромисса станет одним из главных факторов укрепления гражданской солидарности в нашей стране.

Абат Кыдыршаев

(zhaikpress.kz. - 2022. - 17 наурыз)

<https://zhaikpress.kz/ru/news/abat-kydyrshaevetogo-poslaniya-my-ochen-zhdali/>

ВОСПИТАТЬ ПАТРИОТОВ



Национальный проект «Ұлттық рухани жаңғыру» стал следующим этапом в продвижении ценностей, которые были обнаружены в программной статье Первого Президента Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Проект нацелен на молодое поколение казахстанцев, а значит, от его реализации зависит будущее страны.

Как считает общественный деятель, доктор педагогических наук, профессор, академик Академии педагогических наук Казахстана Абат Кыдыршаев, большая роль в наработке и правильном выборе ценностных ориентиров для молодежи отведена педагогам. Перед ними стоит задача подготовить не только квалифицированных специалистов, но, что не менее важно, высоконравственных, духовно богатых и патриотически настроенных граждан.

Этой работе в Западно-Казахстанском университете им. М. Утемисова придают особое значение.

– 12 апреля 2017 года вышла статья Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», а уже в сентябре в вузе открылся институт «Рухани жаңғыру», – рассказывает профессор. – С января 2019 года я возглавил его работу. В задачи института входит формирование патриотизма в молодежной среде, духовных ценностей, совершенствование

личностных качеств, а также методическое обеспечение научно-познавательных и воспитательных мероприятий. Здесь важно понимать, что это не отдельные направления воспитательной работы, а основной стратегический вектор данного процесса. Иначе нельзя, чтобы не получилось, как в басне Крылова «Лебедь, Рак и Щука».

Педагог-новатор, известный энтузиаст ораторского искусства Абат Кыдыршаев подошел к порученному делу максимально творчески, реализуя новые идеи, вовлекая в работу как можно больше студентов и ученых. На каждый учебный год институт «Рухани жаңғыру» разрабатывает план.

«– Реализация такого значимого общественного проекта, как модернизация общественного сознания, требует его научно-методического и прикладного обеспечения», – говорит Абат Кыдыршаев. – Его цели и задачи не раз становились темой для разностороннего обсуждения. Только в стенах вуза прошли 30 научно-методических конференций, 50 «круглых столов», 20 семинаров. Составной частью данной работы является подготовка монографий и научно-методических статей. Уже опубликовано около 300 научно-методических статей и более 20 монографий.

В начале января 2021 года Глава государства Касым-Жомарт Токаев в статье «Независимость превыше всего» отметил: «Человек не рождается патриотом. Он становится им, получая соответствующее образование и воспитание, социализируясь и формируя свою гражданскую идентичность. Человек, который чувствует, что его личные цели и интересы созвучны общественному благу, и видит свой вклад в развитие страны, обретает настоящее счастье». Эти слова стали эпиграфом «круглого стола», состоявшегося 20 января, где ученые разносторонне осветили уроки, рубежи и вехи, ценности и достижения независимости страны.

Сегодня цитатами из главной идеологической программы страны оформлены холлы, аудитории в корпусах вуза, в актовом зале установлены стенды, информационные материалы демонстрируются на LED-экранах, оборудован специальный конференц-зал «Рухани жаңғыру». На базе университета работает офис регионального экспертного совета по научно-методическому обеспечению реализации программы.

Важная часть работы – разъяснение значимости и целей программы. Этому посвящены порядка 300 публикаций, подготовленных с участием профессорско-преподавательского состава, сотрудников, магистрантов и студентов университета. Проводимая работа широко освещается на сайте вуза, в социальных сетях, в университетской газете «Өркен».

В рамках проекта «Туған жер» ежегодно проводятся научные и научно-познавательные экспедиции. Уже организовано 10 археологических, географических и краеведческих экспедиций. Много нового и интересного по истории региона студенты почерпнули в археологической экспедиции на территории средневекового городища Жайык в 2017 году. Сейчас археологический отряд вуза ведет работу на крупном курганном комплексе «Лебедевка».

В 2020-м студенты побывали в музее-заповеднике «Хан Ордасы» в Бокейординском районе, в нынешнем году 31 мая, в День памяти жертв политических репрессий, посетили музей Алаш Орды в Сырымском районе.

Результатом таких проектов становятся отчеты, эссе, публикации в студенческой газете. Экспедиции могут стать и темой дипломной работы или доклада на конференции. Как считает Абат Кыдыршаев, эти инициативы необходимо поддерживать, ведь с них и начинается путь в науку.

Интеллектуальные и творческие конкурсы, дебатные турниры, литературные смотры и вечера, студенческие клубы и тематические выставки – все это формы научного, познавательного и воспитательного процесса. Особое место в патриотическом воспитании занимают встречи с известными личностями. Спикеры разные, но тем более захватывающими получаются беседы с ними. Так, настоящим событием для студенческой молодежи стали встречи с видным ученым региона, профессором Аксериком Айтимовым, с тележурналистом, молодым писателем-романистом Мунайраром Баймулдиным.

Ежегодно по линии Министерства образования и науки выделяются гранты на научные проекты с участием в них студентов и молодых ученых. В числе реализованных – «Мониторинг межэтнической ситуации Западно-Казахстанской области», руководителем которого выступил заведующий кафедрой АНК, научный сотрудник института «Рухани жаңғыру»

Турар Шайхиев. Один из крупнейших и долгосрочных проектов – «Литературное краеведение: духовное возрождение (творческое наследие писателей Приуралья XX – начала XXI века)», осуществленный под руководством кандидата филологических наук Зинуллы Мутиева.

В 2020 году к 100-летию выдающегося казахского поэта вышла в свет энциклопедия «Жубан Молдагалиев» – совместный масштабный труд ученых университета и сотрудников областной библиотеки. Здесь собрана информация о жизни и творчестве поэта, а также статьи, монографии, исследования. Главным редактором выступил Абат Кыдыршаев.

«– Эту книгу мы вручили гостям недавних праздничных мероприятий, посвященных 150-летию областной библиотеки», – говорит директор института. – Признаюсь, испытываю гордость за проведенную исследовательскую работу. Ей дали высокую оценку. Теперь ученые нашего вуза выступили с предложением о подготовке энциклопедии, посвященной Махамбету.

Активно внедряются в образовательный процесс новые учебники на казахском языке. Многие из них уже доступны для работы профессорско-преподавательского состава и студентов, вводятся в учебно-методические комплексы. Все это сопровождается аналитической работой учебно-методических советов. К примеру, экспертным советом рассматривается, как изменится содержание преподавания религиоведения с использованием учебника «Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4 000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны».

Важным в модернизации общественного сознания является развитие сферы языковой культуры, идет работа по внедрению латинской графики для казахского языка. Ученые-лингвисты университета вошли в тематические региональные экспертные группы, регулярно проводятся обучающие семинары, в том числе и для учителей школ. 26 ноября в Туркестане состоялся курултай, посвященный развитию государственного языка. В числе участников международного симпозиума был и Абат Кыдыршаев.

Идеи, озвученные Лидером нации Нурсултаном Назарбаевым, найдут отражение и в разрабатываемых в настоящее время программах вуза: «Философские и национальные основы общественного сознания», «Изучение географии родной земли», «История казахского письма».

«– Для нас проект «Ұлттық рухани жаңғыру» станет продолжением масштабной работы, которую мы ведем уже почти пять лет», – говорит директор института. – Знаменательно, что это стратегический документ, состоящий из конкретных задач и показателей, показывающий, как их достичь, посредством каких мероприятий, какой будет мультипликативный эффект. Обозначено, что итогом станет охват 88,5% населения проектами программы «Рухани жаңғыру», всех школьников – культурным воспитанием. Полностью обновятся образовательные программы, возрастет уровень обеспеченности учебниками на казахском языке для организаций ТиПО и вузов, а проект «Читающая нация» должен повысить читательскую активность граждан до 40%.

Новый национальный проект предусматривает множество новых возможностей для молодежи не только в плане интеллектуального развития, но и в решении ряда социальных вопросов: получения образования, трудоустройства, обеспечения жильем. Сегодня одаренной молодежи выделяются образовательные гранты, строятся общежития при вузах и колледжах, разрабатываются жилищные программы, предусматривающие льготы для молодых специалистов.

– Уверен, что со стартом проекта эта работа будет усилена. И молодежь, ощутив заботу государства, прочувствует свою сопричастность с судьбой страны, с ее прошлым, настоящим и будущим, осознает ответственность за те процессы, которые происходят в экономике и обществе, – заключает Абат Кыдыршаев. – По большому счету от того, насколько эффективно будет реализован этот проект, зависят мировоззрение и мироощущение сегодняшней молодежи, принятие ею своего национального кода, а значит, сохранение нас в будущем как нации.

Наталья Портнягина

(Казахстанская правда. - 2021. - 13 декабря)

<https://kazpravda.kz/n/vospitat-patriotov-80/>

АБАТ ҚЫДЫРШАЕВ: «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ РУХАНИ ҰСТАЗЫНАН ҰЛГІ АЛСАҚ, ҰТЫЛМАЙМЫЗ»

Түркі әлемінің рухани жұлдызы, көрнекті ғалым-философ Әбу Насыр әл-Фарабидың туғанына биыл 1150 жыл толып отыр. Осыған орай Ұлы даланың рухани ұстазы туралы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Қыдыршаев ҚазАқпарат тілшісіне былайша әңгімелеп берді.

Оның айтуынша, ғұлама ғалымның 870 жылы Ұлы даланың қазіргі Отырар қаласында дүниеге келгені белгілі.

«Адамзаттың екінші ұстазы», «Шығыстың Аристотелі» атанған энциклопедист ғалым, Ислам пәлсапасының алып қайраткерінің толық тегі, аты-жөні – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки. Ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби һижра жыл санауы бойынша 329 жылы Дамаскіде қайтыс болып, сол жерде жерленген, кесенесі де сол жерде. Кеменгер ұстаздың туған жері, балалық шағы, есімі, өмірден озуы өз алдына бөлек әңгіме.

-Бүгінде бізді «көп ойласаң, дана боларсың» қағидасына сай, Әбу Насыр әл-Фараби ойшылдығы, ғұламалығы таңғалтпай қоймайды. Тұңғыық терең білімқорлыққа қалай қол жетпек. Туа біткен таланттылық па. Дау жоқ, жаратылысы бөлек тұлға. Ақиқаты – Әбу Насыр әл-Фарабидің тұңғыық ғұламалығы, теңіздей терең білімпаздығы білуге, білім-ғылымды игеру, меңгеру құмарлығының ағыл-тегілділігінде. Ал жаңа ұрпақ бойына осы ізгі құмарлық, игі ынтызарлық қайдан жұғысты болмақ. Ұстаздан, жақсы ұстаз өнегесінен. Ұстазы мықтының ұстамы мықтылығы содан, - дейді ғалым.

-Абат Сатыбайұлы, ғұлама ғалымды зерттеушілер қалай бағалады?

-Зерттеушілер әл-Фарабиді өздігінен шарқ ұра іздене жүріп, басын тауға да, тасқа да соға жүріп, аса табандылық танытуымен жетілген ғалым деседі. Мәселен, айтулы тарихшы Ибн Халликанның жазбаларына сүйенсек, әл-Фараби Аристотельдің «Метафизикасын» 40 рет, «Жан туралы» туындысын 100 рет, ал «Риторика» атты трактатын 200 рет оқығаны туралы дерек

келтірілген. Неткен табандылық десеңізші! Тіпті, бізге жеткен деректерге үңіле бағдарласақ, ғұлама Әбу Насыр сөз қадірін ерекше жоғары бағалаған, ғалымды ағыл-тегіл, аста-төк байлық емес, уақыт қадірі, адамдық биік парыз терең ойлантқан. Қарапайым да қанағатшыл болған. Қолға алған, бастаған ісін жалғастыруды, тереңдетуді, жазбаларының қалың көпшілікке қолжетімді әрі түсінікті болуын ойлаған. Қысқасы, ғұлама ойшыл қара қарынның тойғанына мәз болмаған, қара басының амандығын ғана ойламаған. Жаратушы Тәңіріне тағзым ете білген. Ғұламаны руханият мәселесі ерекше толғантқан. Нәтижеде әл-Фарабидің ғылыми мол мұрасы бүгінде бүкіл әлемдік ғылым дамуының тарихи іргетасы, бастау көзі ретінде бағаланған. Ұлы ойшылдың 160-тан астам трактатында көрініс тапқан шығармашылық мұрасы ғылым атаулының негізгі бағыттарын дамытуға ерекше ықпал еткен. Ғалым математика, геометрия, физика, метафизика, филология, педагогика, жантану, әдістеме, химия, биология, философия, астрономия, минерология, медицина, логика, элеуметтану, саясаттану, құқықтану, дінтану, музыка, астрология, этика және тағы басқа да салаларға өлшеусіз үлес қосқан.

Елімізде әл-Фараби мұрасын зерттеуді алғашқы болып қолға алған ғалым Ақжан Машани: «Әл-Фараби ғылым мен өнердің барлық саласында өшпес із қалдырған», - дей келе: - «Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, үндестіру – халқымыздың мыңжылдық мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз», - деп түйіндейді.

Белгілі шығыстанушы ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлінің: «Әбу Насыр әл-Фараби ғылымның пәлсапа, логика сияқты салаларының іргетасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жағын көтере отырып, олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан. Әуез жайлы да күрделі зерттеулер жүргізген, математика саласында үлкен жаңалықтар ашқан, астрономия жайлы кесек-кесек еңбектер қалдырған, физика ғылымын да тың ойлармен байытқан. Жаратылыстану ғылымының медицина, химия, минералогия секілді аса маңызды салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған еңбектер жазған. Көне грек оқымыстыларының пікірлеріндегі озық қағидаларды талдаған», - деп ой түйюі де бекер болмаса керек.

-Әбу-Насыр әл-Фараби еңбектерінен біз нені түсінеміз, оны бүгінгі күнмен байланыстыратын не деп ойлайсыз?

-Дау жоқ, ғалым трактаттарындағы тұңғыық қилы тұжырымдарды түсіну белгілі бір жоғары деңгейді, ішкі дайындық пен сананы қажет етері анық. Асылы, бидің сөзін құл да айтады, бірақ ауызының дуасы жоқ. Ұлы даланың ұлағатты ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби – дуалы ауыз тұлға. Ойшыл адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетерін баса айтады. Ғалым адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиістілігін болжап, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетілеріне арқа сүйейді. Бұл тұжырымды ойға имандай сенесің, себебі Әбу Насырдың өзі де өмір бойы тап осы қағидатты басты кредо етті. Нәтижеде телегей табысқа, кемел парасатқа жетті емес пе. Өкініштісі, тап осы түйінді тезиске екінің бірі мүлдем мән бермейді, бастапқыда тіпті түсінбейді, кештеу ұғынып жатамыз. Адам санасының жаңғыруы нәтижелі жаңалыққа әкелмек. Шын білімді ақиқат, анық білім деп ұққан ғалым білім қуған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жатарын бағдарлай келе, білімді болуды жаңалық ашуға қабілетті болу тұрғысында пайымдайды. Осы тұста да ойшыл бақыттың мәні парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында екендігіне акцент береді. Осыдан кейін білімге, білуге ұмтылмай гөр! Өз кеудеңде өзіңе Америка ашқың келсе, өз-өзіңді танығың келсе, түбірімен өзіңді түлеткің келсе, білімге ұмтыл. Өзге жол жоқ. Жетік біліміңнің айқын көрінісі – сенің білігің. Тек білім ғана телегей-теңіз білік қалыптастырмақ. Бірегей білігің – Сіздің күнделікті алуан жағдаяттағы ұтымды сөзіңіз, сізге еселей қуаныш сыйлар күнделікті қисынды да мақсатты мағыналы іс-әрекетіңіз. Адам баласының межелеген айқын мақсаты арқасында тұлға ретінде сомдалуға септесер білік-жүйе молая түспек. Демек, білімің - білігің, сөзің – өзің. Бұл саты ғылым өріне өрлетпек. Ғұламаның айтуынша, ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұшқырлы ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұяламақ. Олай болса, ғылыммен айналысар адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек. Тіпті бұл реттегі ғұламаның ғылым үйренуге кіріспекші кісі тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа да ағат мінез-құлықтан аулақ болуы

қажеттілігін астын сыза айтуы ойлантпай қоймайды. Демек, бүгінде қаншама қажет болғанымен ғылымға бет бұру, ғылыммен айналысу еріккеннің ермегі емес. Білім-тәжірибе, ғылым-ілім нәтижесі адам бойына орасан ақыл-парасат сыйлайды. Білім-ғылымның құдіреті осында. Ал адамға ғана тән ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсылық пен жаман қылықтың аражігін ашуына бірден-бір жәрдемдесер, бірден-бір көмектесер бірегей құдіретті күш іспетті құбылыс. Демек, әл-Фарабише түйінделер тезис – қоғамдағы барша қиыншылықты жеңетін адамды бақытқа жеткізетін күш – адамның ақыл-ойы, ақыл-парасаты.

-Шығыс әлемінің рухани ұстазы нені алғы кезекке қояды, неден сақтандырады?

-Ғұлама адам бойындағы мінез-құлық мінін рухани кеселге балайды. Мінезді жанның айнасы деуі де осыдан болса керек. Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы өзге емес, тек жақсы мінез-құлыққа байланыстылығы тегін емес. Қалай болғанда да мінез бен ақыл жарасса, адамгершілік ұтары даусыз. Әл-Фарабише ой өрсек, рухы мықты ұстаздың әркез ескерер түпкі мақсаты – шәкірт мінез-құлықты жағымсыз мінез, жағымсыз қылықты болдырмау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру.

Бұл ғаламда әр адамның өз орны барлығын мойындар болсақ, ғұлама ар, адалдық, адамгершілік қасиеттерін алғы кезекке қояды. Ақиқаттың адалдықпен ағзаластығын айта келіп, ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланыстылығын баса көрсетеді, тіпті бұл ретте «өзгенің пікірін иемденіп кетудің надандық һәм ниеті арам адамға лайық іс» екендігіне налиды. Таңғалар тұс, бүгінде көз майыңды ағызып, маңдай теріңді тамызып, ми ашыта, жан қинай, сансыз секундыңды сарп ете терлеп-тепшіп жазған жазбаларыңды екінің бірі мысқал да ойланбастан, еш шімірікпестен селт етпей көшіріп алып, өз аттарынан жариялай саларын көргенде, ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің сөзі еске түсері кәміл.

-Ұлы ғалым тәрбиені де таразылап кеткен зой?

-Оған сөз жоқ. Әбу Насыр әл-Фараби - өзіндік шырқау биігіне шыға білген, бір өзі-ақ бір университет бола алған заңғар тұлға. Ғұлама мына әлемді адасудан жартылай құтқарар тек тәрбиелі тұлғалар екендігіне кәміл сенеді, сендіреді. Сәйкесінше,

тәрбиелеуді адамның бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнер қуатын дарыту тұрғысында таразылайды. Ұлы педагог: «Тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», - деп жазады. Демек, тәрбие – толыққанды тұлға қалыптасуының басы. Бұл ретте әйгілі әл-Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», - деген тұжырымы әлем педагогтарының санасында. Бұл орайда ғұлама әл-Фарабиге сүйене айтар болсақ, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. Жаман қылық – жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек. Ғалым: «Еңбек етудің өзі – өнер. Еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады», - деп жазады. Қысқасы, педагог-ғалым әл-Фараби: «Тәрбиеші – мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол – күллі ой мен қимыл іс-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған оттың көзі», - деп түйіндеген. Әбу Насыр әл-Фарабише, адамның тоқымашы не атбегі болып тумайтыны тәрізді, қайырымдылық пен қайырымсыздық та жаратылыстан бойға бітпейді. Егер де адамның тәндік жаратылысы дамуының негізгі көрсеткіші дененің саулығы болса да, адам атаулы кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді. Десек те, адамның жақсы әрекеттер жасауға да, жаман әрекеттер жасауға да туа бітті мүмкіндігі мен қабілет-қарымы жетері даусыз. Тек дұрыс әрекет мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталмақ. Асылы, ең тамаша әрекет - бақытқа қол жеткізетін еркіндік болса керек-ті. Ал еркіндік аясында қол жеткізер бақыт, қуаныш және ләззат сезімдері асқан сұлу, ең әсем және аса көркем дүниелерді қолмен ұстағандай айқын және кемел дүниелер ретінде танып-білу арқылы ғана пайда болып, толық болмысқа ие болмақ. Дұрысы - ізгі де қажетті шаруа атқарған адамның бәсі де жоғары болуы тиіс. Кезекті қарапайым аксиома. Ұлы тұжырымдар қашан да қарапайым болып келмей ме? Бізде солай ма? Өкінішке орай, бізде

көбінесе, керісінше. Мәселен, педагог мәртебесі турасында енді-енді қолға алудамыз. Қуанарлығы - бұл бағыттағы істе оңды қозғалыстың барлығы. Жалпы өз ісіңнің білгірі һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге ұмтылу қажет-ақ. Тек қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да, игілігін көріп, рақатына бөленуді мақсат тұтқан жөн.

-Енді Әбу Насыр әл-Фарабидің ойшылдығына үңіле кетсек?

-Бұл ретте таңдай қағарлық бір құбылыс - данышпан кеудесінен өнген сериалды түйіндердің бір-біріне қарама-қайшы келмей, қайта бір-бірін толықтыра, толыстыра байыта түсетіндігі, тұтастана толығымен тәнті ететіндігі. Мәселен, ғұлама адамға тән бір жақсы қасиет өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, одан рухани нәр алу өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алуы дей келе, тән ауырса, жан да ауыратындығы, сұлу саз жан сергітерлігі тұрғысында толғатады. Музыканы рухтың, құмарлық пен ынтызарлықтың, әр алуан көңіл-күйдің ісі, музыканың негізгі міндеті адамның эстетикалық қажетін өтеуі десек, ғалым өнердің теориясын меңгеруді өнерге қатысты мәселелерді ақыл арқылы ұғыну, оның қабілетін игеру тұрғысында дәл болжауы Әбу Насыр ғұламаның өз қағидатына тастай берік, гүлдей нәзік жан болғанын аңғартады. Өнертану тұңғиығына бойлай алу білігі де енді түсінікті. Ол - энциклопедиялық тұрғыда тұңғиық білімді жан. Нәтижеде айналысар болсаң, әр іске де өзге дүниені ұмыта, беріле кіріс, сонда ғана шынайы түйінге қол жетері, шын беріле қызықтаған нәрсе ғана жүрекке жетері айқындығын аңғартады. Не болмаса, ғұламаның ұстаздық, достық хақындағы тұжырым-түйіндері де ақиқат дәлдігімен тамсантпай қоймайды. Ұстаздың мінез-құлық нормасына келгенде «ұстаздық еткен адамның әдісі тым қатаң да болмасын, тым босаң да болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғарлы болса, онда оқушы мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер де өте босаңсытып жіберген кішіпейілдік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, берген білімі мен ғылымына селқос қарау қаупі туарын», құдды бір эксперимент жасағандай дәл анықтайды. Сондай-ақ ұстаз тұлғасы хақында төмендегіше түйіндер жасайды: «Ұстаз – қала басшысы сияқты ел жетекшісі, халық қадірлісі. Ұстаз да, қала басшысы да – қай жағынан болса да барша халықтан көш ілгері тұрған сегіз қырлы бір сырлы кісілер». «Ұстаз – жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің

бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі. Ол мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарға да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек». «Нағыз ұстаз – айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей теңіздей, ақыл-ой парасатына да, ерік-жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады». «Ұстаз тарапынан мейлінше ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар – тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді». «Біздіңше, төрт ғылым саласы (арифметика, геометрия, астрономия, музыка) оқушыларды тәрбиелейді, өте нәзік сезімтал етеді, идеяларын ұшқырлайды, басқа ғылымдарды оқып-үйренуге төте жол салады». «Оқып-үйренуде жаттап алу дұрыс па, әлде түсініп алу дұрыс па? Түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы».

Міне, бүгінгі таңда сіз бен бізге жаңа ұрпақты рухани тұлға тұрғысында баулуда ауадай қажетті, аса керекті келелі тұжырымдарға қалай тамсанбассың! Өмірдің өзінен өрілген ойлы түйіндер. Бір ғажабы, Әбу Насыр әл-Фарабидің қай трактатының қай тарауын оқысаңыз да, ойлантпай қоймас ойлы тұжырымдарға кенелеріңіз даусыз. Мәселен, ғұлама дос хақында ой өруге келгенде, құдды бір ақынға айналғандай күй кешеді. «Өрге жүзген өнегелі ісімен, таңда адал дос өз теңіңнің ішінен» деп, ыссылай қаппай дос атаулыны таңдай біл дей келе, аузы күйген үрлеп ішетініндей «досың дос болғанға шаттан, дұшпанмен дос болудан сақтан», «дұшпаныңнан бір сақтан, жаман достан мың сақтан» дегендей, «жүргендер көп достық атын малданып, қалмағайсың сен де бірде алданып» деп «өзі саққа құдай жақ» сатысында сақтандырады. Бейқамдықтың сәтсіздікке бастар алғышарт боларын баса атайды. Ғұлама қай іске де табандылықтың, төзімділіктің қажеттілігін жоққа шығармайды. Ғалым табандылықты талпыныс тәжі тұрғысында пайымдап, «тіршілікте құрыштай бол төзімді, сан мәрте ел алдаса да өзінді, тағдырыңды

еш уақытта жазғырма, кезде дағы әзәзілдер азғырған» тұрғысында түйіндейді.

Қысқасы, ғұлама өнер біткеннің бәрі бір адамның құшағына сыймайтынын білсе де, «ғақлия көзбен қарасаң, дүние – ғажап, сен – есік, жаһлы көзбен қарасаң, дүние – қоқыс, сен - меншік» деп өмір бойы шарқ ұра ізденумен өткен. «Көп іздеген көмбе үстінен шығады» дегендей, ғалым ізденгіштігіне шек жоқ. Ғалым өмірінің басты мәні де – тар жол, тайғақ кешулі кезеңдердегі сан тараулы қилы қиындықтарға мойымастан, жүнжіп кетпестен аса сабырлылықпен ізденуінде, ғалам құпияларына бойлауында. Ғұламаның еш уақытта толдым, толыстым, жеттім, жеңдім демеуі де бүгінгі жаңа ұрпаққа тағылым болса керек-ті. Ақырында ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің өзі «даналар талай нысан тапқанымен, тапқан жоқ тектің тегін әлі бірі» деп кейінгіге үміт арта өткен екен. Ендігі міндет сол жоқты іздеуде, ұлы ғалым нұсқаған биіктерге жетуге талпыну болса керекті.

Ғайсағали Сейтақ

(Kazinform. - 2020. - 7 наурыз)

https://www.inform.kz/kz/uly-dalanyn-ruhani-ustazynan-ulgi-alsak-utyImaymyz-abat-kydyrshaev_a3622512

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ДАРА ЖОЛДЫ ТАҢДАҒАН



Ұлағатты қызмет ұстаздықты таңдаған әрбір жанға құрмет жоғары. Ал сол қызметті абыроймен атқарып, білім биігінен көрініп, біліктілік танытқан жандар әлбетте сол қатардың алдыңғы сатысында. Біз бұл ретте саналы өмірін ғылымға, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатуға арнаған азамат Абат Қыдыршаев жайында аз-кем сөз етпекпіз. Себебі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мәдениет және өнер факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Сатыбайұлы күні кеше ғана мерейлі 55 жастың биігінен көрінді.

А.С.Қыдыршаев 1963 жылы қараша айының 15-інде Атырау облысы Құрманғазы ауданында дүниеге келген. 1981 жылы осы ауданның Котяевка селосындағы Н.К.Крупская атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін, А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының филология факультетіне қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1985 жылы аталған білім ордасын үздік тәмамдаған. Ал 1985-1990 жылдары Атырау облысы Құрманғазы ауданы К.Маркс атындағы (қазіргі Әбу Сарсенбаев атындағы) орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасаған.

Бүгінгі таңда белгілі шешендіктанушы ғалым, филолог, әдіскер-педагог, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың есімі еліміздің ғылыми жұртшылығы мен педагогикалық қауымына кеңінен таныс. Ол өзінің ғылыми-әдістемелік еңбектерімен және педагогикалық қызметімен ұлттық шешендіктану ғылымы мен білім беру ісіне өзіндік елеулі үлесін қосуда. Ол 1990 жылы Орал педагогикалық институтына арнайы шақыртумен қызметке ауысып, 1990-2009 ж.ж. қазақ тілі кафедрасының ассистенті, оқытушысы, «Қазақ тілі білімі», «Қазақ лингводидактикасы», «Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы» кафедраларының меңгерушісі, филология, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика факультеттерінің деканы, 2009-2011 ж.ж. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде Тәрбиежәне әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры, «Кәсіптік білім», «Қазақ және орыс тілдері» кафедраларының меңгерушісі, 2011-2018 ж.ж. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогика, филология, мәдениет және өнер факультеттерінің деканы, Халықаралық көптілді білім беруді дамыту, «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталықтарының жетекшісі, «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры қызметтерін атқарды. Ал, 2017 жылғы қараша айынан бастап күні бүгінге дейін мәдениет және өнер факультетінің деканы қызметін аса жауапкершілікпен атқаруда.

А.С.Қыдыршаев 1995 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің аспирантурасын бітірген. Ол – педагогика ғылымдарының докторы (2001), профессор (2008), Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі (2009), «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері (2007, 2012), ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасының иегері (2007), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері (2012), Еуропалық ғылыми- өндірістік палатасының (Мәскеу) Алтын медалінің және Сапа жөніндегі дипломының (Diplom di Merito) иегері (2013), Ресей (Мәскеу) Риторикалық қауымдастығының мүшесі (2009), ҚР Журналистер одағының мүшесі (2015), «Қазақстан ғалымы», «Қоғам қайраткері» медальдарының иегері (2017), ҚР Мәдениет және спорт министрінің Құрмет грамотасының иегері (2018).

Профессор А.С.Қыдыршаевтың ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты: қазақ тілін оқыту әдістемесі, шешендіктануды (риторика), шешендік өнерді оқыту теориясы мен практикасы, педагогикалық, техникалық жоғары оқу орындарындағы және орта мектептердегі риторика, оны оқыту әдістемесі және технологиялары, тілтану, ахметтану, махамбеттану, өнертану, шешендіктану проблемалары. Осы салаларға қатысты 500-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрді, соның ішінде: 50 мақала ҚР БҒМ БҒСБК ұсынылған ғылыми журналдарда, 8 мақала шетелдік журналдарда, оның ішінде 2 мақала жоғары рейтингті басылымдарда (инпакт-факторы бар) жарияланған, жалпы көлемі 112,0 б.т. құрайтын 7 монография, 150 мақала халықаралық конференциялар жинақтарында басылған. Бүгінгі таңда профессор А.С.Қыдыршаевтың жетекшілігімен мектепке дейінгі тіл ширату мәселесі, бастауыш, орта, жоғары сыныптардағы шешендік өнерді оқыту, жоғары оқу орындарында риториканы оқыту (педагогикалық білім ордаларында педагогикалық риториканы оқыту, көшбасшылық, шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру) проблемалары айқындалып, кең көлемді ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстар жүргізілуде. Профессор А.С.Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым кандидаты әзірленіп, 15 магистр даярланды. Жалпы көлемі 250 б.т. мөлшеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті, филология: қазақ тілі, педагогика және психология, мәдениет және өнер т.б. мамандықтарында оқитын студенттер мен магистранттарға және филолог мамандарға, мектеп мұғалімдеріне арналған жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі ұсынған 30 оқу құралы, 4 электронды оқу құралы, 50 оқу-әдістемелік құралы жарық көрді. Профессор А.С.Қыдыршаевтың жетекшілігімен 7 авторлық курс даярланды («Ахметтану», «Шешендіктану», «Сөйлеу мәдениетінің негіздері», «Педагогикалық риторика», «Махамбеттану», «Тілдік қатынас мәдениеті», «Шешен сөйлеу мәдениеті»). Аталмыш курстардың бағдарламалары әзірленіп басылым көрді. Барлық курстар бойынша тұрақты түрде шеберлік кластар жүйелі өткізіліп, дәрістер курсы әзірленді. Профессор А.С.Қыдыршаев қазіргі таңда ғылыми жобалармен жұмысқа баса мән беруде. Бүгінде ғалымның ғылыми жетекшілігімен университетшілік деңгейдегі жеті ғылыми жоба жүзеге асырылу үстінде. Абат Сатыбайұлы – облыстық, қалалық көлемде жоспарлы өткізілетін

мемлекеттік тілге, әдебиетке, мәдениет және өнерге, өлкетануға қатысты байқау-конкурстардың тұрақты төрағасы, әділ қазылар алқасының мүшесі. 2017-2018 жылдары басылым көрген «Шешен сөйлей білеміз бе?» (23,0 б.т.), «Шешен сөйлеймін десен» (Шешен сөйлеу мәдениетіне баулудың алтын қағидалары) (32,0 б.т.) т.б. оқу құралдары көпшіліктің мол сұранысына ие. Ал «Шешендіктану» оқулығы (12,5 б.т.) – еліміздегі шешендік өнердің әліппесін меңгертер, шешен сөйлеу мәдениетіне баулыр тұңғыш оқу құралы. Бүгінгі таңда оқулық үш рет (2004, 2013, 2015) басылым көрген.

А.С.Қыдыршаев – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы кафедрасының профессоры. Кафедраның негізгі міндеттерінің бірі – «Педагогикалық шешендіктану» («Педагогикалық риторика») атауын алған кәсіби бағыттағы оқу пәнін оқытудың ғылыми әдістемелік жүйесін теориялық тұрғыдан негіздеу, эксперименттік тұрғыда саралау. Кафедраның құрылуының басты концептуальды қағидалы ұстанымы мұғалім мамандығының коммуникативті салаға бірден-бір қатыстылығына сәйкесті педагогикалық жоғары оқу орнының әрбір түлегінің еркін шешен сөйлей білуіне, қарым-қатынас мәдениетінің білік-дағдыларын меңгеруге, аудиториямен байланыс орната алуына (белгілі бір деңгейде аудитоияға әсер етуі) негізделеді. Педагогикалық шешендіктану оқу-тәрбие үрдісінде туындайтын сан түрлі коммуникативті міндеттерді шешуге даяр болу қабілеттерін қалыптастыруға қатысты мұғалімнің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігінің негізін қалауы тиіс. Осы тұрғыдан келгенде профессор А.С.Қыдыршаев жүргізетін «Педагогикалық шешендіктану» курсы мұғалімді кәсіби қарым-қатынасқа үйрету сынды нақты практикалық бағытқа ие. Ғылыми әзірлеген типтік бағдарламаларда және оның түрлі нұсқаларында аталмыш курстың мазмұны (нақтылы білім мен риторикалық ұғымдар негізінде қалыптастырылатын коммуникативті-риторикалық білік; риторикалық идеялар) айқындалады. Бағдарламалар интегративті қалыпқа ие. Бұнда курстың жалпы бағытталған түрлі тілтаным (сөйлеуге баулу) пәндерінің (сөйлеу мәдениеті, шешендіктану (риторика), прагмалингвистика, т.б.) материалдары қамтылған. Сол себептен де профессор А.С.Қыдыршаев ғылыми жетекшілік ететін кафедра магистрлары мен магистрант-ізденушілерінің зерттеу

жұмыстарында осы қарым-қатынастың ерекшеліктеріне баса акцент беріледі. Нәтижеде педагогикалық шешендіктанудың қалыптасу ерекшеліктері, оның негізгі категориялары айқындалып, педагог дауысының өзіндік ерекшелігі, педагогикалық жестілер, мұғалімнің сөйлеу мәнері, тыңдау мәдениеті, оқу мәдениеті, мұғалімнің сөйлеу стилінің интонациялық белгілері (мұғалім сөзіндегі интонациялық стиль) таразыланып, сөйлеу мәдениетіндегі педагогикалық интонациялық стильдер жүйесі жіті зерделенуде. Сондай-ақ, мұғалімнің коммуникативтік әрекетінде маңызды орын алатын педагогикалық сөйлеу жанрлары саралана зерттелуде. Мәселен, ақпараттық оқу диалогы, түсіндіру түріндегі монолог, түсіндіру мақсатындағы диалог, мұғалімнің оқушы әрекетін бағалау-таразылау бағытындағы сөзі, т.б. Бұған қоса мұғалім сөзіндегі жиі қолданылатын жанрлар, мәселен, ауызша әңгіме, салыстырма талдамалар, ата-аналарға арналған дәріс, педагогикалық тақырыптардағы пікіралмасулар, т.б. Профессор А.С.Қыдыршаев заман талабына орай жұмыс берушілердің, аңғарымпаз үздік оқытушылардың ұсыныстарына сәйкес жекелеген факультеттегі оқу жоспарларының жетілдірілуі, бакалавриаттың ерекшеліктеріне орай қосымша жаңа мамандықтарын (маманданулардың) ашылуы жалпы шешендіктану, сондай-ақ, жеке шешендіктану курстарының, мәселен, журналист шешендігі, іскерлік қатынастағы шешендік, әлеуметтану, экономика, құқықтану мамандықтарына арналған арнайы шешендіктану курстарын енгізуді, олардың бағдарламалар жүйесін талдап әзірлеуді күн тәртібіне шығаруда. Кафедрадағы осы бағыттағы ғалым қолға алған сан алуан жұмыстардың нақтылы нәтижелері де салмақты. Мәселен, «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (2000), «Шешендік өнер», «Шешендіктану» (2004), «Шешен-лектор профессиограммасы» (2005), «Шешендік тағылымы» (2006), «Іскерлік шешендіктану», «Педагог мамандардың шешендік шеберлігін жетілдіру талаптары» (2007), «Педагогикалық шешендіктану», «Кестелі шешендіктану», «Тілдік қатынас мәдениеті» (2008), «Шешендіктану: теориясы мен практикасы» (2012), «Шешендіктану» (екінші басылымы) (2014), т.б. монография, оқу құралы, бағдарламалар жарық көруде. Бүгінгі таңда кафедра жанынан магистратура ашылып, табысты жұмыс жасауда. Ал мұның бәрі профессор А.С.Қыдыршаевтың

коммуникативтік-риторикалық бағыттағы шешендік өнер мектебінің тұжырымдамасы аясында теориялық ізденістерді кеңейтуге, дамытуға толық мүмкіндік береді. Ал жоғарғы аталған бағдарламалар мен еңбектерде ғалым мектебінің осы бағыттағы кейбір тұжырым-түйіндері берілген.

Ауқымды да жемісті ғылыми-педагогикалық қызмет атқарумен қатар Абат Сатыбайұлы еліміздің, аймақтың қоғамдық өміріне де белсене қатысуда. Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық «Білім технологиялары» («Образовательные технологии») журналының (Алматы) ақылдастар алқасының мүшесі, университетте басылым көретін «БҚМУ Хабаршысы» ғылыми журналы бас редакторының орынбасары, т.б.

Қысқасы, профессор А.С.Қыдыршаевтың жоғары кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігі, принципшілдігі мен адалдығы оны әріптестер мен шәкірттері арасында үлкен құрметке бөлеуде. Оның есімі еліміздің түкпір-түкпіріндегі әріптестер арасында жақсы таныс. Үлкенге ізет, кішіге ілтипат жасап өскен Абат Сатыбайұлын ғылыми және ұстаздық қызметінде өзіне де, шәкірттеріне де тиянақты талап қоя білетін бірегей тағылымды тәлімгер және әр уақытта өзінің қарапайым мінезінен еш айнымайтын азамат, кәсіби маман тұрғысында танимыз.

Нәзік ҒАЗЕЗ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің магистранты

(Үш қоңыр. - 2018. - 16 қараша. - №46. - Б. 1, 3)

НА МОИХ ЗАНЯТИЯХ НИКТО НЕ ЗЕВАЕТ

Цитата небезызвестного французского императора Наполеона Бонапарта «Кто не умеет говорить, карьеры не сделает» актуальна и в наши дни. Можно получить три высших образования, прочитать сотни книг, но так и не научиться грамотно выражать свои мысли. Культурой речи и чистотой языка казахстанской молодежи обеспокоен ученый-лингвист, доктор педагогических наук, член Российского риторического сообщества, автор научных работ по искусству риторики Абат Кыдыршаев. Эта интереснейшая личность стала гостем нашей редакции.

В современном мире монологам остается все меньше места, зато растет популярность виртуального общения. В наши дни мало кто заботится о чистоте речи. Большой проблемой остается сквернословие, нецензурные выражения, которые с небывалой скоростью проникают даже в литературу и в кино. Мы привыкли к незамысловатому молодежному жаргону, таким словам-паразитам - «по любому», «оттянулись», «короче», «типа», «прикинь» и тому подобным, которые так и сыплются сегодня из уст молодых людей. Вроде и не уголовная лексика, но и нормальным языком тоже не назовешь. Наш собеседник Абат Сатыбаевич - не только замечательный ученый-лингвист, но и педагог, профессор Западно - Казахстанского государственного университета, доктор педагогических наук, академик Академии педагогических наук Казахстана. В нефтяную столицу приехал по приглашению КГКП «Региональный центр переподготовки, повышения квалификации и обучения языкам государственных служащих» для проведения лекций по ораторству. Наш собеседник считает, что уровень общей культуры человека во многом можно определить по культуре его речи. Ораторство - сегодня необходимое условие эффективной работы практически во всех сферах деятельности. Будь то бизнесмен, религиозный наставник, учитель, юрист, социальный работник, госслужащий и даже продавец - они должны в той или иной степени уметь правильно выражать свои мысли. По словам ученого, многие люди ошибочно считают, что для того, чтобы стать интеллигентным, культурным и образованным, достаточно иметь в кармане диплом о высшем образовании. Притом, что сами и двух слов связать не

могут. Просторечие и жаргон характеризуют скудость кругозора, неразвитость мышления. Неграмотная речь свидетельствует и о недостатках воспитания.

- Великие люди говорили: «Поэтами рождаются, а ораторами становятся». Например, мы не сможем научиться плавать и нырять, если будем только наблюдать за пловцами с берега. Точно так же без постоянных упражнений невозможно овладеть ораторскими навыками. Вспомните Демосфена, который был косноязычен, имел слабый голос, короткое дыхание, привычку подергивать плечом и т.д, но благодаря своей настойчивости и энергии он победил все эти недостатки. В итоге в результате длительных речевых упражнений, набирая в рот черепки и камешки, произнося речи на берегу моря, при шуме волн, заменявших в данном случае шум толпы, он научился ясно, четко произносить слова. Изучая образцы красноречия, Демосфен неделями не выходил из комнаты, обрив себе половину головы, во избежание соблазна. Конечно, его первые попытки выступить публично не имели успеха, но он много работал над собой, в итоге стал знаменитым оратором древнего мира. Абат Сатыбаевич является автором некоторых публикаций, в частности, это учебники, пособия и книги, посвященные ораторскому искусству. Свое видение мощного коммуникативного потенциала казахского языка, а именно ораторского искусства, он апробировал на многочисленных научных конференциях различного масштаба. Сам стал идейным вдохновителем и организатором многочисленных научных конференций, посвященных различным аспектам теории и методики преподавания языка и риторики. И особое место в научной деятельности ученого занимают его исследования по теории и методике преподавания риторики, ораторского искусства. Его многочисленные труды, посвященные этой великой науке - яркое тому доказательство: «Шешендіктану», «Шешен-лектор профессиограммасы», «Шешендік тағылымы», «Іскерлік шешендіктану қағидалары» и другие. Обладая глубокими знаниями психологии человеческой натуры, широким кругозором, обширными академическими знаниями, этот человек может часами говорить о своей деятельности, рассуждать о своих наблюдениях. Его завораживающая речь, простота в общении, выразительный взгляд, четкая жестикуляция способны привлечь и заинтересовать даже самого ленивого слушателя. Время рядом с

ним летит незаметно. Он очень чутко ощущает настроение собеседника и умело может расположить его к себе. Ораторское мастерство, умение ясно доносить свою мысль, отстаивать точку зрения необходимы практически любому человеку. Поэтому в числе его слушателей самые разные группы: от студентов до госслужащих, для которых он читает лекции об ораторском искусстве предков и перспективах развития языка праматери - «Ана тілі». Его выступления на самые разные темы каждый раз получаются интересными, поэтому они привлекают внимание большого количества слушателей.

- На моих занятиях никто никогда не зевает, - с улыбкой говорит Абат Сатыбаевич. - Я не позволяю человеку сделать это, так как в ходе тренингов мы часто обмениваемся мнениями, обсуждаем тот или иной вопрос, публично беседуем, выступаем перед аудиторией. - Во-первых, это дружеская атмосфера, в которой легко раскрыться и легко обучаться. Во-вторых, много практики, что позволяет уже с первых занятий почувствовать рост своего ораторского мастерства. И, в-третьих, хорошо продуманная программа, когда каждое следующее упражнение дополняет предыдущее, и в результате знания складываются в единую, цельную систему.

Наш герой признается, что часто слышит слова признательности от слушателей. Одним его лекции помогли побороть внутренний страх перед выступлением, другим - избавиться от комплексов. Третьим - в личностном росте, в раскрытии внутреннего потенциала. Ученый утверждает, что в древнем Риме, древней Греции, на арабской, индийской, китайской земле риторика считалась одним из главных учебных предметов. Еще с тех давних времен люди понимали, что качественное образование напрямую связано с культурой речи. И сегодня нам нужны не разовые отчетные мероприятия, а комплексные меры, опирающиеся на мировые научные методики. Поэтому Абат Кыдыршаев уверен, что настала пора ввести ораторское искусство в качестве предмета в программы высших и средних учебных заведений, где готовят будущих специалистов.

- Человек не рождается говорящим. Этот навык он постепенно развивает в себе в повседневном общении, и совершенно очевидно, что это доступно любому нормальному человеку. А если он занимается по продуманной методике,

используя системный подход, то также совершенно очевидно, что его прогресс в овладении ораторским искусством будет гораздо значительней, - отмечает он. - В настоящее время люди начинают осознавать теснейшую связь между экономикой, воспитанием, отношением к труду и культурой человека. Актуальная проблема сегодня - нравственный облик, культура личности, так как в решении экономических и других вопросов важны усилия не только общества, но и каждого человека.

Абат Сатыбаевич видит причину растущей популярности виртуального общения, которым увлечено все человечество, в дефиците общения. Поэтому отмечает, что к решению этой проблемы нужно подойти со всей ответственностью. В заключение наш собеседник привел слова Антона Павловича Чехова, который говорил: «Дурно говорить должно бы считаться таким же неприличием, как не уметь читать и писать...». И с этим нельзя не согласиться. Поэтому слова-паразиты и нецензурные выражения, которые уродуют нашу речь, влияют на психику человека, следует вовсе исключить из своего лексикона. Ведь речь должна ласкать слух.

Динара Канбетова

(Прикаспийская Коммуна. - 2015. - 31 июля)

<https://pricom.kz/obshhestvo/abat-kyidyrshaev-na-moih-zanyatiyah-nikt.html>

АБАТ ҚЫДЫРШАЕВ: «СӨЗ – ҚОРШАҒАН ӘЛЕМГЕ ҚАРАТЫЛҒАН ТЕРЕЗЕ...»

«Өнер алды – қызыл тіл» деп атамыз қазақ тегін айтпаған. Сөздің адам тағдырына, тіптен, қоғам дамуына да әсері тарихтан белгілі. Өкінішке орай, қазіргі таңда жастардың көркем әдебиетті оқымайтыны, тілдік қорға мән бермей, қалай болса, солай сөйлей салатыны рас. Бұл құбылысқа бей-жай қарауға болмайды. Қоғамның бітеу жарасының алдын алмаса, оның зардабы бүтіндей бір ұрпақтың келешегіне зардабын тигізері кәміл. Осы орайда біз ғалым-лингвист, шешендік өнерді зерттеп жүрген Абат Қыдыршаевты әңгімеге тартқан болатынбыз.

Ол риторикалық өнерге өзінің ғылыми еңбектерін, оқулықтарын, әдістемелік кітаптарын арнап жүрген белгілі ғалым ретінде әңгіме тиегін ағытты.

– *Абат Сатыбайұлы, ең алдымен шешендік өнердің тарихына көз жүгіртсек?*

– Өнердің ең құрметтісі де, ең қасиеттісі де – сөз өнері. «Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақта шешендер деп атаған сөз өнерінің шеберлері халық арасында үлкен абырой мен беделге ие. Жұртшылық өз ойын әдемі жеткізу үшін олардан қалған шешендік сөздерді көптеп пайдаланады. Қарапайым адамдар билер мен шешендерден кейбір даулы мәселелер туындаған кезде әділет пен ақиқат іздеген. Олар да өз кезегінде данагөй сөздерімен, әділеттің ақ туын көтерген, қара қылды қақ жарған шешімдерімен ел есінде мәңгіге сақталған. Сонау Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би секілді дала Демосфендері атанған билердің мұрасын ұрпаққа жеткізіп, есімдерін ғасырлар қойнауынан бері қарай алып өту – біздің қасиетті парызымыз.

– *Сіз риториканы ғылыми еңбегіңіздің тақырыбы етіп алдыңыз. Бүгінгі таңда шешендік өнердің туын жоғары көтеру үшін еңбектенудесіз. Ал, замана ағымына келсек, қазіргі жастар көркем тілмен көрікті ойды жеткізуден гөрі, жаргондарды қолдануды, қарадүрсін сөйлесуді дұрыс көретін сияқты. Осы жайында қалай ойлайсыз?*

– Бұл пікірмен келісу қиындау. Қайта, қоғамда шешендік дәстүрдің қайта өрлеуі байқалатын сияқты. Тәуелсіздік алғаннан кейін бізде демократиялық ұстанымдар қалыптасқаны рас. Демократиялық қоғамның бір көрінісі – бәсекеге қабілетті-лік. Ал, ол болса замана ағымымен үндесуге, өзіміздің қабілетімізді дәлелдеп және мойындатуға мұрындық болатын бірден-бір жәйт. Бұдан басқа да шешендік өнердің заман ағымынан қалмағанын, қайта өрісінің кеңейгенін көрсететін мысалдар көп.

– *Сіз шешендік өнердің құпиясын студенттерге ашып келесіз. Осы орайда педагогикалық шешендіктің кәсіби маман қалыптасуының кепілі екендігі жайында кеңінен түсіндірсеңіз?*

– Қазіргі уақыттағы үздіксіз білім алудың қажеттігін ескерсек, ал білім берудің, маман мұғалім кадрлардың біліктілігін арттырудың жолдарын айқындаған дұрыс. Біздіңше, бұл мәселенің шешімін таптырар бір қыры – қазіргі мектеп мұғалімінің педагогикалық шешендіктану ілімінен терең білімінің болуы. «Педагогикалық шешендіктану» бағдарламасының бағыттары болашақ мұғалімді сан қилы коммуникативтік сөйлеу жағдайында түрлі тілдік құралдарды еркін қолдана білуге үйретеді. Ең алдымен, кәсіби іс-әрекетке байланысты педагогикалық қарым-қатынас мәдениетіне үйрету, мүлтіксіз таза, дұрыс терминологиялық тілде дәл де мәнерлі сөйлеу білік-дағдыларының қалыптасуына баулу керек.

– *Риторика дегеніміз не? Оған сіз қандай анықтама берер едіңіз?*

– Зерттеушілерге сүйенсек, антикалық дәуірде-ақ риториканың өзі бірегей философия ретінде қарастырылған, ал орта ғасырлық дәуірде бұл зат атаулының мәні ғана емес, сөз мәнін ұғушы адамның қоршаған әлемді бейнелеуі болып табылады. Бұл орайда «сөздің мағыналық тұңғиығына терең бойлай білгейсіз, сонда сіз мына жарық дүниені адасудан жартылай құтқарасыз» деген Декарт сөзі де ойлантады емес пе?! Сөз – қоршаған әлемге қаратылған терезе, қоршаған ортаға бізді танытушы. Бірақ, бұл терезенің бізге жақын, әрі таныс не бейтаныс та сырт кеңістікті бөле-жара танытуға жасар қызметін ескермей жатамыз. Бізге мәлімі – жекелеген сөз атаулының адам көңіл-күйіне, қалпына белгілі бір деңгейде әсер ететіндігі. Сөзді орнымен қолдана білу – адам мәдениетінің, оның білімдарлығының көрінісі. Зиялы жан үшін А.П.Чехов айтқандай «дұрыс сөйлей алмау оқи және жаза

білмеумен бірдей мін болып саналады». Бағзы замандардан бері адамзат баласы шешендік сөздің құпиясын таба алмай келеді. Бұл өзі жаратқаннан берілген туа біткен қасиет пе, әлде ұзақ тер төгудің нәтижесі ме?! Бұл сұрақтарға РИТОРИКА жауап бермек.

Біз қоғамда өмір сүріп жатырмыз, сондықтан басқалардың да пікірімен санасуға міндеттіміз. Өзгелерге мойындату – өз идеяларыңды дәлелді түрде келтіре отырып, кеңесуге қатысқандар пікірімен келісіп және оларды өзіңе одақтас ету. Дәлелдеп, көз жеткізу, қажет жерінде талқылауға да үйрену, өз көзқарасыңда қаймықпай тұра білу керек. Жоғары тіл мәдениеті жоғары ойлау мәдениетін көрсетеді. Пісіп жетілмеген ойды сөзбен анық, нақты түрде жеткізе алмайтыны да шындық. Сөйлеу мәдениеті – адамның рухани дамуының жоғары сатысы. Өз ойын анық та көркем жеткізе білу – өнер. Біздің сөзіміз жан дүниеміздің байлығын, рухани өсуімізді паш етеді. Біз не туралы айтсақ та ол біздің адами қасиетіміздің айғағы болатыны сөзсіз. Сөзімізден біздің кім екеніміз айқын көрініс табады. Мәселенің бәрі осында!

– Қазіргі таңда монологтарға көп орын қалмай отыр, оның есесіне виртуалды қарым-қатынас өріс алуда. Сонымен қатар, өкінішке орай, тілдік қор тазалығына көңіл бөлінбейді. Дәрекі сөйлеу үлкен көкейтесті мәселеге айналған. Тыңдар құлаққа ұят сөздер көркем әдебиетті, кино туындыларын жаулап алуда. Бұл жағдайға Сіздің көзқарасыңыз қандай?

– Қоғамдағы рухани құндылықтардың көрінісі - тілдік қор. Қарапайым дәрекі сөз бен жаргон сөздер ойлау жүйесінің дұрыс дамуына қажетті куәсі. Тұрпайы тілдік қор адамның дұрыс тәрбие алмағанын көрсетіп тұрады. Классиктердің ізімен өз тіліне жаны ашымайтын адамды «нағыз жабайы» деп қайталауға тура келетіні рас. Ол өз тағдырына ғана емес, туған халқының өткеніне, бүгінгіне, келешегіне де зиянын тигізеді. Тіл адамның зиялылығының, адамгершілігінің көрінісі ғана емес, пайдалана білгенге ол керемет тәрбие құралы да.

Ал, виртуалдық қарым-қатынастың етек алуына келсек, ол адамның жалғыз қалуынан туындайтын қоғамның сырқаты, бітеу жарасы. Алдағы уақытта балаларымыздың өз ортасына «жат болу» мәселесіне де сергек қарау қажет сияқты. Бұл мәселеге асқан жауапкершілікпен келген жөн.

– Абат Сатыбайұлы, Атырау облысына келген сапарыңыз туралы хабардар етіп отырсаңыз?

– Атырау облысы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және тілдерді оқыту өңірлік орталығының шақыртуымен «Мемлекеттік әкімшілік қызметіне алғаш кірген мемлекеттік қызметшілерге арналған қайта даярлау курсында» «Мемлекеттік қызметшінің көпшілік алдында сөз сөйлеуінің өзекті мәселелері», «Мемлекеттік қызмет және шешендік өнер» тақырыбында дәріс оқыдым. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметшілердің сөйлеу дағдысы туралы айту оңай емес. Алайда, олар халықпен, қалың бұқарамен тікелей қарым-қатынаста болатындықтан, шешендік өнерді меңгеру өте қажет деп есептеймін. Жұртшылықты сөзіне иландырып, оларды соңынан ерте білген мемлекеттік қызметші ғана өз дәрежесіне, лауазымына лайықты болатыны, көпшіліктен жақсы баға алатыны кәміл. Менің іссапарым осындай үлкен шаруаға негізделген болатын. Жалпы, тыңдаушылардың ықыласына разымын, 25 адам қатысып, ынтамен тыңдады. Аз да болса санаға сәуле түсірсем, соның өзі үлкен жетістік дер едім.

*Әңгімелескен Гүлзада Ниетқалиева.
Суретке түсірген Ерлан Алтыбаев.*

(АТЫРАУ. - 2015. - 29 шілде)

<https://atr.kz/qogam/abat-kydyrshaev-soz-korsha-an-alemge-karatyl-an-tereze/>

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР АБАТ САТЫБАЙҰЛЫ
ҚЫДЫРШАЕВТЫҢ
ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША
ОЧЕРК**

Тілтану, әдістану, ахметтану, шешендіктану, махамбеттану салаларында тер төгіп жүрген белгілі ғалым, әдіскер-педагог, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың есімі еліміздің ғылыми жұртшылығы мен педагогикалық қауымына кеңінен таныс. Ол өзінің ғылыми-әдістемелік еңбектерімен және педагогикалық қызметімен ұлттық ғылым мен білім беру ісіне өзіндік елеулі үлесін қосып келеді.

1963 жылдың 15 қарашасында қазіргі Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Тайланбай ауылында (бұрынғы Гурьев облысының Теңіз ауданындағы Киров селолық кеңесіне қарасты жерде) көп балалы отбасында дүниеге келген. Әкесі Сатыбай (Сатау) Қыдыршаұлы мал дәрігерлігін кәсіп еткен, құдай берген ұл-қыздарын жастайынан адал еңбекке баулыған ісмер, қолы шебер, арасында домбыраны қолға алып, «әу» деп қоятын үлкен әулеттің басы болса, анасы Зылиха Сәрсенқызы бала тәрбиесімен айналысқан, мектепте тәрбиешілік салада еңбек еткен ел ішінде сыйлы, сөзге келгенде шешен, реті келгенде төгіп-төгіп айтып тастайтын отауызды, намысшыл да қайсар арқалы жан болған. Өзгелер Зылихананың жүйелі сөзді түйдектете төге, ақтара айтқыш мінезінен ығысып жүретін болған.

Қиғаш өзенінің бойында туып өскен ол бала кезінен зеректігімен, еңбек сүйгіштігімен көзге түседі. 1981 жылы өз ауданындағы Котяевка селосындағы Н.К.Крупская атындағы орта мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін, білімге құштар жас жігіт осы жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының (қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті) филология факультетіне қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түседі де, 1985 жылы аталған білім ордасын үздік бітіріп шығады. Институт қабырғасында жігерлі жас елге танымал Сәрсен Ақмурзин, Ғабдырахим Әбуханов, Мәтжан Тілеужанов, Қалимолла Мырзағалиев, Шәндә

Жұмағазиева, Меруерт Жолдықайырова, Серікқали Шарабасов сынды ұстаздардан тәлім алады.

1985-1990 жж. Атырау облысы, Құрманғазы ауданындағы К.Маркс атындағы (қазіргі Әбу Сәрсенбаев атындағы) орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасады. 1990 жылы Орал педагогикалық институтына арнайы шақыртумен қызметке ауысып, 1990-1992 жж. қазақ тілі кафедрасының ассистенті, оқытушысы, филология факультеті деканының орынбасары, 1995-1996 жж. «Қазақ тіл білімі» кафедрасының, 1996-1997 жж. «Қазақ лингводидактикасы» кафедрасының меңгерушісі, 2002-2004, 2011-2012 жж. филология, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика және психология факультеттерінің деканы, 2006-2009 жж. «Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы» кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс жасады. 2009-2011 жж. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде еңбек етіп, онда Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры, «Кәсіптік білім», «Қазақ және орыс тілдері» кафедраларының меңгерушісі ретінде жұмыс жасады. Ал 2011 жылдың 11 тамызынан бастап М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті педагогика факультетінің деканы, Халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығының директоры болса, қазір «Махамбет» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының директоры.

1993-1995 жж. қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аспирантурасында оқып, 1995 жылы қажырлы ізденістерінің нәтижесінде көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Нұржамал Оралбаеваның ғылыми жетекшілігімен «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын мерзімінен бұрын қорғайды. Ал 1998 жылы осы еңбегі **«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»** деген атпен жеке монография болып жарық көреді. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Оралбаева осы зерттеу еңбектің алғы сөзінде: *«Зерттеу авторы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми мұраларын жан-жақты талдап, оның әр қырын ғылыми тұрғыда көрсете білген. Әр ғалым өз кезіндегі ғылыми жаңалықтарды, жетістіктерді толық меңгеру арқылы ғылыми тұрғыда қалыптасады. Осы ретте*

А.Байтұрсынұлының өз заманының әдістеме ілімін толық меңгеруі оның өз жүйесін жасауына негіз болғанын А.С.Қыдыршаев өте байыпты дәлелдеген. А.Байтұрсынұлы әліппелерінің жалпы сипаттамасы мен әдістемелік негізі кітапта толық талданған. Ал ана тілі бойынша оқулықтарын талдау, сипаттау да ғылыми тұрғыда толыққанды теориялық негізде жазылған. Еңбекте, әсіресе, А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің ірге тасын қалаушы ретіндегі қызметі өте тиянақты, теориялық тұрғыда анық дәлелдемелер арқылы ғылыми негізде жазылған. Қазақ халқының ұлы данышпан азаматының мол ғылыми мұрасын халыққа жан-жақты толық таныстыру қазіргі ғалым азаматтардың зор міндеті. Осы міндетті А.С.Қыдыршаев абыроймен өзінің кітабы арқылы толық атқарған деп санаймын», -деп баға береді.

А.С.Қыдыршаев 1999-2001 жж. аға ғылыми қызметкер лауазымында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде болып, 2001 жылы *«Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»* тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. 2000 жылы осы докторлық диссертациясы негізінде жазылған *«Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»* атты монографиясы «Білім» баспасынан жарық көреді.

А.С.Қыдыршаев 2005 – 2007 жылдары аралығында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы филология, педагогика ғылымдарының докторы (кандидаты) ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14.09.04 диссертациялық кеңесінің мүшесі болса, ал 2010 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің жанындағы филология және педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14.61.27 диссертациялық кеңесінің мүшесі болды. 2007-2008 жж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғалым мамандарға арналған ғылыми-зерттеу еңбектерге орай берілетін мемлекеттік стипендия иегері. Сондай-ақ, 2007-2008, 2010 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті жанындағы педагогика және психология мамандығы бойынша эксперттік комиссия мүшесі және ғалым хатшысы болды. Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевқа 2008 жылғы 29 ақпандағы Білім және ғылым саласындағы бақылау

комитетінің шешімімен педагогика мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді. *Абат Сатыбайұлы 2007, 2012 жылдардағы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері.* Ол 2009 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстанның Педагогикалық ғылымдар академиясы Президиумы шешімі бойынша Қазақстан ПҒА-ның академигі болып сайланды. 2009 жылғы қаңтар айынан бері Ресей (Мәскеу) Риторикалық қауымдастығының мүшесі. Ол – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының V Құрылтайының делегаты (Көкшетау, 2011 жыл, 21-22 қыркүйек).

А.С.Қыдыршаев ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыты-қазақ тілін және шешендіктануды (риторика) оқытудың теориясы мен практикасы мәселелері. Бүгінгі таңда профессор А.С.Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен бір шоғыр шәкірттері мектепке дейінгі тіл ширату мәселесімен, бастауыш, орта, жоғарғы сыныптардағы шешендік өнерді оқыту, жоғары оқу орындарында риториканы оқыту (техникалық жоғары оқу орындарында риториканы, педагогикалық білім ордаларында педагогикалық риториканы оқыту, көшбасшы студенттердің сөйлеу мәдениетін, шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру) проблемаларымен шұғылданып, кең көлемді ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстармен айналысуда. Мәселен, шәкірттері Мұханбетқалиев Әскен Самұратұлы («Қазақ мектебінің YII сыныбында шешендік өнерді оқыту әдістемесі»), Әжіғалиев Марат Қайыржанұлы («Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық шешендіктану» курсының оқытудың әдістемелік жүйесі») - педагогика ғылымдарының кандидаттары. Бүгінгі таңда Ә.С.Мұханбетқалиев Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Қазақ және орыс тілдері» кафедрасының меңгерушісі болса, М.Қ.Әжіғалиев М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Тілдерді меңгертудің практикалық курсы» кафедрасының меңгерушісі. Бұлардан да басқа профессор А.С.Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен ғылыми-зерттеу ісімен айналысушы жастардың өзі бір шоғыр. Профессор А.С.Қыдыршаев тілді, шешендіктануды оқытудың теориясы мен әдістемесі мәселелеріне арналған халықаралық, республикалық басылымдарда жарық көрген 300-ден аса ғылыми әдістемелік мақалалар мен 30 (отыз) оқу-

әдістемелік көмекші құралының, 7 (жеті) монографияның, 4 (төрт) электронды оқулықтың авторы.

А.С.Қыдыршаевтың қазақ тілін оқыту әдістемесі, тілтану, шешендіктану ғылымдары салаларындағы тың тақырыптарға терең бойлай ғылыми-әдістемелік зерттеулермен айналысуына тікелей ықпал еткен университеттегі аяулы ұстаздары және көрнекті тілші, әдіскер ғалымдар Н.Оралбаева, Ғ.Қалиев, С.Негимов, Б.Шалабаев, Ф.Оразбаева, С.Рахметова, Ә.Ибатов, Б.Әбілқасымов, М.Жүсіпов, Н.Құрманова т.б.

А.С.Қыдыршаевтың *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»* монографиясы – алғашқы толымды ғылыми еңбегі. Ғылыми қауымның жоғары бағасын алған бұл зерттеуде А.Байтұрсынұлына дейінгі ана тілін оқытуға байланысты мәселелерге шолу жасалып, А.Байтұрсынұлының әдіскер ғалым ретінде қалыптасуына өз кезеңіндегі әдістеме ілімінің әсері екішеліп, Л.Толстой мен А.Байтұрсынұлы еңбектеріне жасалған салыстырмалы барлау нәтижелері баяндалып, Аханның әдіскер ізбасарлары баса көрсетіледі. А.Байтұрсынұлы әліппелерінің жалпы сипаттамасы, «Тіл-құрал» оқулықтары туралы, әдіскер-ғалымның әліппе, оқулықтарының әдістемелік негізі, әдістемелік еңбектерінің жазылу жайы түгелденеді. Нәтижеде А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің ірге тасын қалаушы екендігі тұңғыш рет дәлелденіп, ғалымның әдістемелік еңбектерінің бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығы айқындалады. Келесі бір іргелі еңбегі *«Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»* аты монографиясында А.С.Қыдыршаев жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері анықталды. Еңбекте жеке адамның тілдік қатынас мүмкіндіктерінің даму үрдісінің психологиялық, дидактикалық, филологиялық аспектілері түйінделіп, жоғары оқу орнының гуманитарлық бөлімдерінде шешендіктануды оқыту әдістемесі тұңғыш рет ғылыми негізделіп, алғаш рет аталмыш пәнді оқытудың арнайы қағидаттары мен әдістері және жұмыс түрлері ұсынылған. Сондай-ақ зерттеуде шешендік іс-әрекет заңдарына сәйкесті шешен-лектордың кәсіби қалпының үлгісі (профессиограммасы) жүйеленіп әзірленген. Ал *«Педагогикалық практика-мамандыққа баулу сатысы»* (2000, 2012 ж.) атты әдістемелік көмекші құралы жоғары оқу орындарының

студенттерін педагогикалық сараман кезеңінде кәсіби мамандыққа даярлау мәселесі хақында, педагогикалық практиканың орны мен рөлі, ондағы оқу-тәрбие жұмыстарының жүргізілуі, ұйымдастырылуы турасында таптырмас аса қажетті құралға айналды.

Шешендік сөз – рухани мәдениетті танудың қайнар көзі. Әріптесіміз тарапынан қазіргі студенттер қауымы сөйлеу мәдениетінің төмен деңгейде болуы, шаршы топ алдында сөйлеуде кемшіліктің көптігі, т.б. реттегі проблемалардың шешімін табу мақсатында **«Шешендік өнер», «Педагогикалық шешендіктану», «Тілдік қатынас мәдениеті»** курсының бағдарламалары әзірленіп ұсынылады. Шынында да, зиялы адамның татымсыз, нашар сөйлегені – сауатсыз адамның оқи, жаза алмауымен бірдей екені айқын. Қазіргі уақыт үздіксіз білім алудың қажеттігін айқындайды. Ал білім берудің, маман мұғалім кадрлардың біліктілігін арттырудың жолдары қайсы? Профессор А.С.Қыдыршаевтың пікірінше, бұл мәселенің шешімін таптырар бір қыры – қазіргі мектеп мұғалімінің педагогикалық шешендіктану ілімінен хабардар болуы. Осы ретте А.С.Қыдыршаев алғашқылардың бірі болып «Педагогикалық шешендіктану» курсының бағдарламасын әзірлеп ұсынады. Ондағы мақсаты студенттерге оқытудың, тәрбиелеудің және оқушыларды дамытудың маңызды амалы ретінде, педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі маңызды құрал ретінде сөйлей білуге көмектесу. Алғы міндеті – студенттерді тілдік қатынас туралы, олардың түрлері, сөйлеу сапалылығы (мәселен, сөз дұрыстығы, тазалығы, дәлдігі, дәлелдігі, байлығы, логикалығы, коммуникативтік жағынан сәйкестілігі), қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары туралы білім көздерімен таныстыру; әдеби тілдің нормаларынан орынсыз ауытқуларды (бұл арада әдеби тілдік норманы бұзушылық туралы) тез аңғару дағдыларын қалыптастыру; өзіндік сөйлеген сөзіне талдау жасай білуге үйрету; сөз сөйлеу сәтіндегі кемшіліктерден құтыла білу дағдысын қалыптастыру; болашақ мұғалімдерді педагогикалық қарым-қатынас мейлінше тиімді болу үшін өзіндік дауысқа (дауыс тонына), сөйлеу аппаратына ие болуға үйрету; кәсіби тұрғыда аса мәнді сөз сөйлеу шығармашылығын туындатуға әзірлеу.

Профессор А.С.Қыдыршаевтың түйіндеуінше, сөз сөйлеу құдіретіне ие болу – адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының

бәрінен де жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қабілеттерінің бірі. Тілсіз, сөзсіз, сөз сөйлеу дағдысынсыз адам өмірін көз алдымызға елестету мүмкін емес, оларсыз адам ғұмыры мағынасыз. Сөз – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы, ақпарат алмасу тәсілі, өзге адамның санасына және әрбір қадамына, әрекетіне әсер ету құралы. Сөзді орынды қолдана, құбылта білу өте жоғары бағаланады. Бұл сияқты қабілет адамның жалпы мәдениетінің, білімділігінің құрамды бөлігі болып табылады. Сөз қоғам дамуының ағымын аңғартады және ілгергі даму үдерісіне мүмкіндіктер туғызады. Сөз адамдардың санасы мен еркіне бірден-бір әсер ететін, оларға білім беретін, сенімін қалыптастыратын, азаматтарды нақты әрекеттерге жұмылдыратын өте күшті қарудың рөлін атқарады.

Иә, шешендіктанудың алғашқы ғылыми талдамасының авторы ежелгі дәуірдің ұлы ойшылы Аристотель риториканы «әрбір нақты пәнге қатысты сендірудің мүмкін болар амалдарын табу қабілеттілігін туғызар» ілім ретінде анықтайды. Бұл арадағы басты сөйлеу мәселесіндегі орталық назар аударар тұс – оның сендіру құралы екендігі. Барлық кезеңдегі ғалымдар мен шешендерді (бұған біздің кезең де енеді) тап осы мәселе толғандырып келді, әлі де ойландырады. Шешен алға қойған мақсатқа қалай жетуге болады? Аудитория назарын қалай өзіңе аударуға, баурап алуға болады? Қалайша сөйлеу бірден-бір әсерлі болмақ? Шаршы топ алдында ауызша сөйлеудегі сендірудің құпиясы неде? Үздік шешендік сөздің жетістігі немен өлшенеді? Мүмкін болар сендіру амалдарының бірден-бір тиімдісі деп қайсысыларын атауға болады? Бұл сияқты сауалдарға жауап табу, әсіресе, шешендік өнерді жаңадан бастап үйренушіге оңай шаруа емес. Ондай адамға шешендіктанудың тарихы мен теориясын терең оқып-үйренуден, ауызша сөйлеудің атақты шеберлері мен ғалымдарының еңбектерімен танысудан алшақ кетуге, өзімен жүргізілетін салмақты тәжірбиелік жұмыстарға мән бермеуге, сырт қарауға әсте болмайды. А.С.Қыдыршаевтың *«Шешендіктану» (2004, 2013 ж.)* атты оқу құралы шешендік өнерді жаңадан бастап игерушілерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне, жас мамандарға арналған. Оқулық мақсаты – шаршы топ алдында ауызша сөйлеуге баулитын сан тарау әдебиеттердің ішінен белгілі бір дәрежеде өзіндік жол сілтеуші,

жүйелі бағыт-бағдар беруші рөлін атқару, шешендіктану ілімінің басты теориялық мәселелері бойынша шәкірт атаулының жинақы да нақты көзқарасын қалыптастыру, сондай-ақ бұл орайдағы мәселелердің машықтық қалтарыстарын көбірек аңғарту, сөйлеуге даярлау барысы мен көпшілік алдында сөз сөйлеуге бағыт-бағдар сілтеу, кеңес беру. Аталмыш оқу құралы 2013 жылы Абай атындағы Қазақ ҰПУ-ының жанындағы «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БҒМ республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған.

А.С.Қыдыршаевтың *«Шешен-лектор профессиограммасы» (2004 ж.)* атты зерттеуі жоғары оқу орнының жас лектор мамандарына арналған. Әдістемелік оқу құралында жоғары оқу орны мамандарының педагогикалық іс-әрекет барысында шешендік өнер элементтерін практикалық тұрғыда қолдануы мәселесінің кейбір басты аспектілері қарастырылады. Еңбекте жас маманның кәсіби қалпы, шешен сөйлеуге қатысты тірек сауалдар мен алғы мақсатты жүйелеу, шешен-лектор сөзіндегі негізгі тезистің екшелуі және сөйленер сөз нысанының шектелуі таратылады.

Ал ғалымның *«Шешендік тағылымы» (2004ж.)* атты әдістемелік көмекші құралының бүгінгі таңда шәкірт атаулыға да, лектор-мамандарға да, жалпы жұртшылыққа да қажеттігі дәлелдеуді керек етпейді. Автордың пікірінше, әрбір лектор-маман үшін тыңдаушы қауымға әсер ете отырып, оларды сендіре білу дағдысының болуы абзал. Осы тұрғылас дағдыларды игеру үшін шешендік өнердің теориясы мен практикасын оқып-үйрену міндетті. Жарқын да ашық, бейнелі де тартымды сөйлеуге үйренуге, өзіндік сөйлеу стилін қалыптастыруға, ішкі табиғи қалып, ерекшелік және икемділіктерді ескере отырып, өзіндік сенімділікті қоюлатуға ұмтылу аса қажет. Белгілі бір ой ұшығын тыңдаушыларға жеткізе отырып, олардың бойында қажетті әсер қалдыру үшін ерік күші, темперамент және тер төге еңбек ету керек-ақ. Тақырыпқа сай лекция оқу шешеннен психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Егер де лектор-маман сөйлеуге тиісті тақырыбына қатыссыз барлық қам-қарекеттер мен қажетсіз ойлардан арыла білсе, алға қойған мақсатты межеге тез жетері анық. Тек осындай қалыпта ғана ол аудиторияға әсер етіп, көпшілікті өзіндік көзқарасының

дұрыстығына иландыра алады. Өкінішке орай, көпшілік жағдайда лекторлар легі не айтарын жақсы біле тұрса да, өз ой-түйіндерін тыңдаушыларына дәл де дөп жеткізе білмейді. Басты себеп – сөйлеушінің әдістемелік жағынан әзірлігінің кемшіндігі, тыңдаушылардың қабылдау ерекшеліктерімен таныс еместігі, аудиториямен қарым-қатынас дағдыларын игермегендігі. *«Шешендік тағылымы»* еңбегінде келтірілген ой-тұжырымдар тізілген басылымдар көптен жарық көрмегені өз алдына, қазақ тілінде бұл орайлас жинақ жоққа тән, өте сирек. Сондай-ақ, жас лектор-мамандарды атақты шешен, қоғам қайраткерлері мен ғалымдардың айтқан пікір-түйіндерімен, халық даналығымен таныстыру - өте керекті де зәру іс. Аталмыш әдістемелік құрал да осы мақсатты көздеген. Мәселен, жоғарғы автор пікірін негіздей айтсақ, көпшілік алдында сөйлеу өнерінің теориясы мен тәжірбиесі негіздерін меңгерудегі алғашқы сан тарау жұмыстарының басы сөз сиқыры, тіл құдіреті, сөйлеу мәдениеті, шешендік шиырлары туралы қоғамдық-саяси қайраткерлердің, дүлдүл шешендердің түйін-тұжырымдарымен және осы бағыттағы шығыс, еуропа мақал-мәтелдерімен, ақыл-нақылдарымен танысудан басталуы аса пайдалы. Еңбекте шешендіктанудың ғылым екендігі, шешендік сөздің стилі туралы, сөз тазалығы мен түсініктілігі, сөйленген сөздің тыңдаушы сезіміне әсер етуі, шешендік сөз, сөз сөйлеу құрылымы, сөз мәнерлілігі, сөз жандылығы, сөйлеу орындылығы, дыбыстау заңдылығы, шешен жүзі, дауысы, қимылы сияқты т.б. мәселелер хақында қысқа да нұсқа түрде әдістемелік кеңестер берілген. Еңбекте шешендік өнердің тұңғышына терең бойлау мақсатында іріктеліп ұсынылған қосымша әдебиеттерге қоса, жүйелі түрде назар аударуға қажетті, әсіресе, белгілі бір арнайы ұғымның мән-ерекшелігімен тереңірек танысу қажеттігі туған жағдайда пайдалануға боларлық сөздік пен анықтағыштардың тізімі қоса енгізілген. Сондай-ақ, еңбек соңында жинақ мәтінінде ой-тұжырымдары келтірілген қоғамдық-саяси қайраткерлердің және дүлдүл шешендердің есім көрсеткіші ұсынылған.

Профессор А.С.Қыдыршаевтың *«Іскерлік шешендіктану қағидалары»* (2007 ж.) атты оқу құралы бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, студенттерге, барлық деңгейдегі басшыларға арналған. Көп жылғы зерттеулердің нәтижесінде ғалым: *«Кез келген істің нәтижелі болуы іскер маманның ақылға қонымды*

аргументтердің баршасын да, әсіресе, өзіндік дауыс сазы секілді ерекше мәнді құралды құбылта қолдана білуіне бірден-бір байланысты», - деген иланымды тұжырымға келеді. Аталмыш еңбек сәтті өрілген экспромт сөз арқылы мейлінше мол мөлшерде олжаға кенелу, телефон арқылы тиімді қарым-қатынас жасау, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынасты дұрыс құра білу іспеттес іскери шешендіктану қағидаларының сан алуанымен таныстырумен құнды.

Сондай-ақ, ғалымның *«Кестелі шешендіктану» (2008 ж.)* атты әдістемелік құралы шешендіктану ілімін, тілдік қатынас техникасын меңгеруге ұмтылыс танытушы БҚО педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының тыңдаушыларына, жоғары оқу орнының жас лектор мамандарына, барлық деңгейдегі басшыларға, кәсіпкер бизнесмендерге, студенттерге, шешендік өнерді жаңадан бастап игеруші мамандарға, колледж, гимназия, лицей және орта мектеп оқушыларына арналған. Оқу құралының мақсаты – сөйлеу өнерін жете игеруге талаптанушыларға қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларын меңгеруге, шаршы топ алды ауызша сөйлеу мәдениетін арттыруға, сөз сөйлеудің ресми-іскерлік стиліндегі мейлінше күрделі жағдайларынан құлағдар етуге, қысқасы, қазақ мектептерінде шешендік өнер сабақтарын жүргізе білуге, шешендік өнер қағидаларын меңгеруге көмектесу. Аталмыш еңбекте күнделікті іс-әрекетімізде бірден-бір қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті туралы мәліметтер, шешендіктану сабақтарының фрагменттері кесте, анықтама, қысқаша сипаттама, сызба үлгісінде берілген.

Бұл айтылғандарға қоса профессор А.С.Қыдыршаевтың соңғы кезекте *«Педагогтің шешендік шеберлігін жетілдіру әдістемесі» (оқу құралы) (2008), «Материалдарды слесарлық өңдеу технологиясы» (оқу құралы) (авторлық бірлестікте) (2011), «Практикалық қазақ тілі курсы бойынша мәтіндер мен тапсырмалар» (оқу құралы) (2011), «Көшбасшы студенттердің сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі» (монография) (2013), «Қазақ мектебінің VII сыныбында шешендік өнерді оқыту әдістемесі» (монография) (2013), «Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық шешендіктану» курсының оқытудың әдістемелік жүйесі (монография) (2013), «Шешендіктану: теориясы мен практикасы» (оқу құралы) (2012), «Шешендіктану»*

(оқу құралы) (2013) атты еңбектері баспа бетін көрді. Бұл еңбектер туралы сөз қозғау өз алдына бір төбе мәселе.

Ауқымды да жемісті ғылыми-педагогикалық қызмет атқарумен қатар Абат Сатыбайұлы еліміздің, аймақтың қоғамдық-мәдени өміріне белсене қатысып келеді. Ол республикалық ғылыми - әдістемелік, педагогикалық «Білім технологиялары» («Образовательные технологии») журналының (Алматы) ақылдастар алқасының мүшесі, БҚО бойынша Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бюро мүшесі. Сондай-ақ 1913 жылдан бастап Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының (Алматы қаласы) ғылыми журналы бетінде *«Білім беру жүйесіндегі шешендік өнер»* айдарын жүргізеді.

Сондай-ақ, профессор А.С.Қыдыршаев бүгінгі таңда республикалық деңгейде *«Қазақ шешендіктану ғылымы: теориясы және әдістемесі, зерттелуі (тарихи-педагогикалық аспектіде)»*, *«Кәсіби мамандар мен көшбасшы студент жастардың іскерлік қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-теориялық және практикалық шарттары»* тақырыбындағы ғылыми-зерттеу Жобаларына жетекшілік жасайды.

Көп жылғы жемісті ғылыми-педагогикалық еңбегі үшін ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің *«Құрмет грамотасымен» (2007)*, *«Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен*, *Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасының (Москва қаласы) Еуропалық алтын медалімен және сапа жөніндегі дипломымен (Diplom di Merito) (2012) марапатталған.*

Жоғары кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігі, принципшілдігі мен адалдығы оны әріптестері мен шәкірттері арасында үлкен құрметке бөледі. Оның есімі біздің еліміздің түкпір-түкпіріндегі әріптестері арасында жақсы таныс. Үлкенге ізет, кішіге ілтипат жасап өскен Абат Сатыбайұлы ғылыми және ұстаздық қызметінде өзіне де, шәкірттеріне де тиянақты талап қоя біледі және де әр уақытта өзінің қарапайым мінезінен еш айныған емес.

P.S. Қазақ ұлтының қайсар ұлдарының төресі Қасым ақын *«Отбасы – шағын мемлекет»* деп қалайша тауып айтқан десенізші?! Қазақ елінің әрбір отбасында ұйыған бірлік өріс тапса, мемлекетімізде де қашан да өркенді ілгерілеу болары ақиқат. Тіл-көзден сақтағай, өзіміз күнде куәсі болып жүргендей, күллі қазақ еліне үлгі етерліктей, сондай ұйыған отбасының иесі – осы

профессор Абат Сатыбайұлы. Халқымыз айтқандай, ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ. Бүгінгі таңда Абат Сатыбайұлы «алла» деп, кезекті мүшел жасын лайықты қарсы алып, ердің жасы елудің етегіне өрлеуде. Шәкірттері Абат сынды ғалым-ұстаздарын парасат-пайымның, өнеге-тәлімнің, табысты шығармашылықтың биігінен көргендерін мақтан тұтады...

*Мұханбетқалиев Әскен Самұратұлы,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық –техникалық университетінің доценті, п.ғ.к.,
«Қазақ және орыс тілдері» кафедрасының меңгерушісі
2013 ж.*

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР АБАТ САТЫБАЙҰЛЫ
ҚЫДЫРШАЕВТЫҢ
ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША
ОЧЕРК**

Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері, Республикалық «Махамбет» әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, 15 қараша 1963 жылы Гурьев (Атырау) облысы, Теңіз (Құрманғазы) ауданы, Киров (Зормата) ауылдық кеңесінің Тайланбай ауылында дүниеге келген. Абат Сатыбайұлы 1981 жылы осы ауданның Котяев селосындағы Н.К.Крупская атындағы орта мектебін бітіріп орта білім аттестатын алған. Осы жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының филология факультетіне қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1985 жылы аталған білім ордасын үздік тәмамдаған. 1985 жылы Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы К.Маркс атындағы (қазір Әбу Сәрсенбаев атында) орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастаған. 1990 жылы Орал педагогикалық институтына арнайы шақыртумен қызмет орнын ауыстырып, аталған институттың қазақ тілі кафедрасының ассистенті, оқытушысы, «Қазақ тіл білімі», «Қазақ лингводидактикасы», «Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы» кафедраларының меңгерушісі, филология, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика факультеттерінің деканы болып жұмыс жасаған. 2009-2011 ж.ж. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор, «Кәсіптік білім», «Қазақ және орыс тілдері» кафедраларының меңгерушісі ретінде еңбек еткен. Ал 2011-2018 ж.ж. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан

мемлекеттік университетінің педагогика, филология, мәдениет және өнер факультеттерінің деканы, Көптілді білім беруді дамыту, «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталықтарының, «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры қызметтерін үлкен жауапкершілікпен атқарған. 2019 жылдың қаңтар айынан бастап күні бүгінге дейін «Рухани жаңғыру» институтының директоры.

1995 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің аспирантурасын бітірген. Ол – елімізде алғаш рет «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын (1995 ж.), тұңғыш рет «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша) тақырыбында докторлық диссертациясын (2001 ж.) қорғаған. «Жалын» журналында «Ахмет Байтұрсынов – әдістемеші» атты кең көлемдегі ғылыми-әдістемелік мақаласы (Алматы, 1993 ж., №3), «Қазақстан мектебі» журналында (Алматы, 2000 ж., №4, №5, № 6) алғашқы рет елімізде шешендіктану (риторика) негіздерін оқытудың қағидағтары, формалары мен әдістері туралы ғылыми-әдістемелік мақалалар топтамасы жарияланған. «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» (Орал, 1998 ж.) «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (Алматы, 2000 ж.), «Педагогикалық риторика» (Орал, 2022 ж.) атты монографиялары басылым көрген. Абат Сатыбайұы - республикамызда «Шешендіктану» оқулығын тұңғыш рет жазып, мемлекеттік тіліміздің дамуына және мамандар даярлау ісіне зор үлес қосушы. Бүгінгі таңда «Шешендіктану» оқулығы мол сұранысқа ие болып, оқу құралы үш рет (2004; 2013; 2015) басылым көрген. «Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының хабаршысы» (Алматы, 2013 ж., қаңтар-желтоқсан) ғылыми журналында «Білім беру жүйесіндегі шешендік өнер» айдарын ашып, осы жыл бойы ай сайын ғылым саласы бойынша мақалалар топтамасын жариялаған. Республикалық әдеби-көркем, көпшілік «Таң-Шолпан» журналының 2021 жылғы №6-санында (Алматы, қараша-желтоқсан, 150-154-б.б.) «Ғалымның сөзі» айдарымен «Көркем шығарма – рухани жаңғыру көзі» атты проблемалық мақаласы жарық көрген. 2004-2007 ж.ж. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы филология,

педагогика ғылымдарының докторы (кандидаты) ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д14.09.04 диссертациялық кеңесінің мүшесі, 2007-2008 ж.ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті жанындағы педагогика және психология мамандығы бойынша эксперттік комиссия мүшесі және ғалым хатшысы, 2010 ж. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің жанындағы филология, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14.61.27 диссертациялық кеңесінің мүшесі болды. Профессордың ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты: Қазақ тілін оқыту әдістемесі, шешендіктануды (риторика), шешендік өнерді оқыту теориясы мен практикасы, педагогикалық, техникалық жоғары оқу орындарындағы және орта мектептердегі риторика, оны оқытудың әдістемесі және технологиялары, педагогикалық риторика, тілтану педагогикасы мен психологиясы, әдебиеттану педагогикасы мен психологиясы, этнопедагогика, ахметтану, махамбеттану, фарабитану, абайтану, шешендіктану және қазақ афористикасы проблемалары.

Осы салаларға қатысты 500-ден астам ғылыми еңбектер авторы, соның ішінде 50 мақала ҚР БҒМ БҒСБК ұсынылған ғылыми журналдарда, 7 мақала шетелдік журналдарда, оның ішінде 4 мақала жоғары рейтингті басылымдарға ұсынылған, жалпы көлемі 112 б.т. құрайтын 3 монография, 150 мақала халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланған. Ғалым-педагогтың мақалалары РФ, АҚШ, Қытай, Түркия, Бразилия, Чехия және т.б. елдердің басылымдарында, ғылыми жинақтарында жарияланды. Абат Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен бір шоғыр шәкірттері мектепке дейінгі тіл ширату мәселесімен, бастауыш, орта, жоғары сыныптардағы шешендік өнерді оқыту, жоғары оқу орындарында риториканы оқыту (педагогикалық білім ордаларында педагогикалық риториканы оқыту, көшбасшы студенттердің сөйлеу мәдениетін, шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру) проблемаларымен шұғылданып, кең көлемді ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстармен айналысуда. Профессор А.С.Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым кандидаты әзірленіп, 30 магистр даярланды. Ол – жалпы көлемі 200 баспа табақ мөлшеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті, филология: қазақ тілі, педагогика және психология т.б. мамандықтарында оқитын студенттер мен

магистранттарға және филолог мамандарға, мектеп мұғалімдеріне арналған жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі ұсынған 50 оқу құралы, 5 электронды оқу құралы, 13 оқу бағдарламасы және 25 оқу-әдістемелік құралдарының авторы. Профессор А.С.Қыдыршаевтың жетекшілігімен 7 авторлық курс даярланды («Ахметтану», «Шешендіктану», «Сөйлеу мәдениетінің негіздері», «Педагогикалық риторика», «Махамбеттану», «Тілдік қатынас мәдениеті», «Шешен сөйлеу мәдениеті»). Аталмыш курстардың бағдарламалары әзірленіп басылым көрді. Барлық курстар бойынша тұрақты түрде шеберлік сағаттары жүйелі өткізіліп, дәрістер курсы әзірленді. Қазіргі таңда профессордың авторлығымен «Рухани жаңғыру: жаңа ұрпақты ұлттық рухани құндылықтарға баулу ісі, айқын мақсат, нақты міндеттер» атты әдістемелік-көмекші құралы жарық көрген.

Абат Сатыбайұлы – педагогика ғылымдарының докторы (2001), профессор (2008), Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі (2009), ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғалым мамандарға арналған ғылыми-зерттеу еңбектерге орай берілетін мемлекеттік стипендия иегері (2006-2008 ж.ж.), Ресей Риторикалық қауымдастығының мүшесі (2009), «ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының (2007), атағының (2012) иегері, Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасы Алтын медалінің және сапа жөніндегі дипломының (Diplomdi Merito) иегері (Мәскеу, 2013), ҚР Журналистер одағының мүшесі (2015), «Қазақстанның құрметті ұстазы» (2019), «Жоғары оқу орнының үздік педагогы» (мамыр, 2020), «Үздік педагог-зерттеуші (тамыз, 2020) және Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының шешімі (№ 6 хаттама) бойынша XIII Республикалық тәуелсіз қоғамдық байқаудың жеңімпазы ретінде «Үздік ұстаз» төсбелгілерінің (2021 ж., желтоқсан) иегері. Сондай-ақ, Республикалық «Үш қоңыр» әдебиет, мәдениет және өнер газетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі, «Махамбет» республикалық әдеби-мәдени, танымдық журналының Бас редакторы (Алматы, 2022), республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық «Білім технологиялары» («Образовательные технологии») журналының ақылдастар алқасының мүшесі, 2017 жылы басылым көрген «Ахмет Байтұрсынұлы» энциклопедиясының редакция алқасының

мүшесі, 2020 жылы жарық көрген «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясының Бас редакторы, жоба жетекшісі.

А.С.Қыдыршаев - Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатының (2019 ж., маусым), Алғысының (2019 ж., тамыз), ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хатының (2021 ж.) иегері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасының (2007 ж.), Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасының (2018 ж.), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің (2012 ж.) иегері, Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері (2022 ж., 14 наурыз), «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы» төсбелгісінің иегері (18 қаңтар, 2023 ж.).

Ауқымды да жемісті ғылыми-педагогикалық қызмет атқарумен қатар Абат Сатыбайұлы еліміздің, аймақтық қоғамдық-мәдени өміріне де белсене қатысуда. ҚР Халықтық-демократиялық «Аманат» партиясының мүшесі, БҚО «Қазақ тілі» қоғамының бюро мүшесі. Университетшілік «Өркен» газеті бетіндегі «Кәсіптік білім» (2009-2010), «Риторика» (2010), «Тағылым», «Салауатты өмір салты» (2011-2012), «Полиглот» (2012-2013), «Шешендік мектебі» (2013-2014), «Патриот» (2014-2016), «Махамбет дауысы» (2013-2016), «Мәдениет және өнер» (2017-2019), «Рухани жаңғыру» (2019-2020), «Журналист» (2016-2022) жаршыларының (газет ішіндегі газет) жауапты редакторы.

Бүгінгі таңда профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев – Қазақстандағы оқыту әдістемесін, шешендік өнердің теориясы мен тәжірибесін, жоғары оқу орындарында және орта мектептерде риториканы оқыту әдістемесі мен технологияларын зерттеуге мол үлес қосып жүрген бірден-бір ғалым.

<https://wku.edu.kz/kk/nauka/nauchnaya-rabota3/blogi-uchenykh/21-nauka/blogi-uchenykh/626-kdyrshav-a>

Алдыңғы тұста да айта түстік, көркем шығарма оқудың тиімділігі таңғажайып. Көркем шығарманың оқырманға берер рухани құндылығы ұшан-теңіз. *Көркем шығарма – рухани жаңғыру көзі. Ал рухани білім қашан да шынайы, толық, анық, мықты әрі жүйелі болуы тиіс. Көркем шығарма ақылыңа ақыл қосады, ал ақыл еркіндікке жол ашады, еркіндік әрекетке иелік етеді. Көркем шығарма даналыққа баулиды, ал даналықты үйрену адамды мықты әрі жанын жомарт етеді. Көркем әдебиетті сүймеу, оқымау мүмкін еместей болуы тиіс.* Мәселе тек бастапқыда оның дәмін татуда, хош иісін сезуде. Одан әрі оның арынына тосқауыл болу мүмкін емес. Себебі халықтың рухани тұнбасы «әдебиеті мен өнері ұлы болмаған жерде ұлт та ұлы бола алмайды» (Ғабит Мүсірепов). Мұхтар Әуезовке сүйене айтар болсақ, қай дәуірде де өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді зиялы интеллектуал бола алмайды. Себебі ол қандайлық мамандыққа қатысты білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ кейіпте. Демек, «әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды» (Сағатхан Әшімбаев). Ал көркем оқудың оқырманға берер рухани құндылығы да оның адам баласына алғашқы кезекте сыйлар эстетикасынан басталмақ. Мәселен, бір танымал ұлы қаламгерге жас жазушы келіп, тырнақалды жазған әңгімесін бағалауды өтінеді. Тәжірибелі тарлан алғашқыда жас жігіттің арқасынан қаға, таудай талабына ризашылық танытып шығарып салады. Жас жазушы қайтара оралады. Қаламгер әңгімені парақтап қарай отырып, екінші ретте де жас тұлғаның қадамына құптау білдіреді. Бұған да қанағат тұтпай үшінші қайтара оралған жас жігіт классик жазушының жазылған шығармаға сын айтуын қалап қадалып тұрып алады. Сонда ғана өмір көрген тәжірибелі жазушы: Айтыңызшы, Сіз осы жазған дүниеңізді көркем шығарма деп есептейсіз бе? – деп сұрайды. Мұндай оқыс сауалдың боларын күтпеген жас жігіт: – Бұлайша айтуға қандай дәлеліңіз бар? - дейді. – Мәселен, Сіздің әңгімеңізде *«Бес тиын ақша жерге түсті»* деген сөйлем бар. Осы сөйлемнен оқырман қаншалықты ләззат алмақ. Ешқандай да, себебі бұл тек ақпарат қана емес пе?! Көркем шығармаға тән образ қайда, жанды қозғалыс қайда? - дейді жазушы. - Сізше қалай болар еді? – деп жас жігіт енді қызарақтап шамдана бастайды. – Мәселен, былай болса ше: *«Бес тиын пақыр ақша жерге ыршып түсті де, зыр-зыр қағып дөңгелей жөнелді»*... Көркем шығармада алғашқы кезекте образ, динамика болуын ескергейсіз, қалқам!.. - дейді қарымды қаламгер. Жас жазушы не айтарын білмей, мүдіре

ойланып қалса керек. Бір мезетте тілге келіп: – Сонда қашан, қалай жазуға кеңес берер едіңіз? – деп сұрапты баяулап... - *«Біріншіден, інім, қашан жазбауға мүмкіндігің болмаған кезде жазғайсың! Екіншіден, жаза қалсаң, соқыр көретіндей, саңырау еститіндей жазғайсың!»* - деген екен дүлдүліміз... Бұндай астарлы терең тағылымды дүниелерді келтіре беруге болар...

Даусыз, көркем туындының оқырманға берер рухани эстетикалық құндылығы қаламгер шығармаларының тілдік шеберлігіне бірден-бір байланысты. Бұл қажетті көркем шығарманы талғампаздықпен таңдай білудегі оқырман талғамына да қатысты. Ал сапалы көркем шығарма оқырманның озық талғамын да қалыптастырады. *Мәселен, атақты қазақ жазушысы Ғабит Мүсіреповтің қаламгерлік қарымы оқырманның озық талғамын қалыптастыруға бірден-бір сеп. Себебі неде дерсіз? Бұл тұста классик жазушының шынайы шеберлігіне назар аударғайсыз. Ғабеннің жазушылық ұстанымы – бойына сіңбеген тақырыпқа жармаспайтындығы; Бойына сіңірген тақырыбын да тез жазып тастауға асықпағандықтан, шығармаларының шикілігі аз болуы; жазатын тақырыбына күй таңдауы, күйі жетпесе игерген тақырыбын да жаза қоймауы; шығармасына өте ұқыптылығы, сол себептен де хал-қадірі жеткенше олпы-солпысыз шығаруы; тілге үнемшілдігі, суреттеп отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолданбауы; жарқылдақ сөздерді көбірек қолданып шешен сөйлеуге тырысуы; адам портретін жасауда қазақ жазушыларының ең шеберлерінің бірі екендігі.*

✓ **Сізді шешендік өнер саласын, риторика ғылымын, қазақ афористикасын зерттеуші республикаға белгілі ғалым-педагог ретінде білеміз. Осы орайда оқырмандарымызға қазақ афоризмдерінің құндылығы, бүгінгі жаңа ұрпақты рухани құндылықтар негізінде баулу мәселесіне қатысты не айтар едіңіз?**

Біле білсек, қара жерде өлмейтін – Алла жіберген сөз ғана! Сөз – Тәңірінің елшісі! Егер де жақсы кітап – ұлттың антологиясы десек, әрбір ойлы афоризм – жеке бір жақсы кітап іспетті. Ата-баба нақылы – құндылық көзі. Өнеге – нақылдан. Жалпы адамзатқа тән бағзы заманнан келе жатқан кеменгерлік тұрғыдағы таңғажайып нақыл сөздерден үйренуіміз керек. Барша жұрт қабылдап, айтып жүретін қып-қысқа нақыл сөздер мен мақалдар барлық адамға ақиқат болып көрінбесе, ондай нақыл сөздер ғасырдан ғасырға жетпес еді. *«Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы – өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибесі. Одан қол үзген қауым - келешегінен қол үзген қауым»*(Әбіш Кекілбайұлы). Бір ғажабы, қуаты мол, тапқырлыққа толы тамаша нақылдар ешқашан ұмытылмайды: олар ғасырлар бойы есте сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Демек, аталар сөзі – ақылдың көзі.

Адам мақсатына рухани жағынан өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді десек, адам бойына рухани құндылықтардың даруы нақыл сөздерді қолдану арқылы да сіңбек. Ал нақылдап сөйлей алмаған адамға қалай қарау жөн? Халық даналығына бойласақ, айтар нақылы жоқтың, табар ақылы жоқ. Халыққа нақылмен ойлау тән. Құтып дана болжағандай, нақыл сөздер көп болғанымен, айтар адам аз. Нақышымен нық қадап, түбіне жеткізе сөйлеген адам – шешен адам. Телегей тәжірибеге жүгінсек, ұлы адамдардың өздері де өткір сөздің қолжаулығымен жүруді жек көрмейтінін байқаймыз.

Нақыл – ой тұнбасы. Тұңғық ойлар – өзін ештеңемен суырып ала алмайтындай тұрғыда ақылға сіңірілген мық шеге. Құстың қапелімде жерге түсіріп алған жалғыз дәнінен кейде уақыт өте келе тұтас бір орман, жаңа бір туынды өсіп шығады... Кемеңгерлердің нұрлы ойларымен танысу таңғажайып ой жаттығуы іспетті. Ақылды құнарландырып, ойды сындарлы етеді. Жасқа да, жасамысқа да қажетсіз болуы мүмкін емес. Әлемдік өркениет жұлдызы Лев Толстойдың бірде: *«Менің өзгенің ақылымен өмір сүргім келмейді, қажет болса, өзім ойлап аламын»* дегенді жастар тарапынан жиі естиміз. *Ойлап қойылғанды ойлап жатудың қажеті қанша? Барды ал да, ілгері жылжы. Адамзаттың күші осында»,* – дегені бар-ды. Ендеше, аталы сөз – тоғыз қабат қорғаның. Қасиетті сөздер өздерін қайталаптырып оқыттырады емес пе?

Сөз асылы – мақал. «Мәтел – гүл, мақал - жидек» (В.И.Даль). Бақсақ, халықтың данышпандығы, рухы, мінез-құлқы оның мақалдарынан көрініс таппақ. Біздіңше, мәтел – сөз оралымы қалыптаспаған сөйлеу элементі, мақал – аяқталған түйін, тұжырымды ой. Мақал - ойдың інжуі. Ағылшын ақыны Альфред Теннисон: *«Мақал дегеніміз – замананың сұқ саусағында мәңгі бақи жарқырайтын бес әріптен құралған асыл жүзік»* деген. Мақалдар – мол өнеге көзі, басқаша айтқанда, нақыл сөздер ой толғауға баулымақ. Мақал-мәтел – маржан сөз, қоса көрме арзан сөз дейтініміз содан. Ал нақыл сөздер – афоризмге негіз болар түйін көзі. Афоризм – өнер иіріміндегі философия не философия иіріміндегі өнер. Афоризм – философия поэзиясы. Демек, афоризм – тілсіз тәлімгер. Осыдан келіп көп көрген мен көп түйген көсем болары даусыз.

Жақсы сөз – жанның тынысы. Олай болса, жақсы сөз айта білгенге не жетсін! Дәйексөзді өзгенің сөзін орынсыз қайталау деу де бар. Асылы, жаман сөз қанша болса, жақсы сөз де сонша. Ұлы іске ұлағатты сөз керектігі де даусыз. Монша тәнді сауықтырады, жақсы сөз жанды сауықтырады деп босқа айтылмаса керек. Қысқасы, білімдінің сөзі - оң, білімсіздің сөзі – тоң екенін ескергенге не жетсін! Ендеше, нақылдап сөйлеу шешендікке әкелмек. *«Шешендіктен не пайда, артында сөзі қалмаса? Батырлықтан не пайда, халқына қайран қылмаса? Хандықтан не пайда, қарашасын жалмаса? Молдалықтан не пайда, шаригатты өзгертіп, нашарларды алдаса?»* демей ме атақты Төле би. Иә, біліп айтқан сөзге құн жетпейді, тауып айтқан сөзге шын жетпейді. Өзің білмесең, білгендерден үйрен, үйренгеннен ештеңең

кетпейді деген сол. Нәтижеде нақылдап сөйлеу ұрпағымыздың тұлпар, сұңқар сынды жетілуіне әкелмек.

Француз жазушысы, қоғам қайраткері Ромен Роллан грек, рим ғұламаларының афоризмдеріне терең бойлай келе: «Бұл гректер мен римдіктерде менің нем бар еді? Олардың сүйегі қурап қалғалы қай заман? Олар маған не айта алмақ? Менің оларға қарағанда кем білетінім неде? Осы тұрғыда ойландым да кітапқа менмендікпен, бейне бір өзенге қармақ тастағандай бей-жай жанармен селсоқ көз жүгіртіп, парақтай бастадым. Бір кезде, достарым, демім шықпай, сілейіппін де қалыппын... Достарым-ай, қармақ салудың көкесі деп осыны айт... Қандай сазандарды, шортандарды бірінен соң бірін тартып шығарып жаттым десеңші! Бұрын-соңды көріп білмеген шетінен алтын, күміс түсті сан алуан балықтар... Бір ғажабы олардың әрқайсысы қилы қалыпта би билеп жүр... Ал мен болсам оларды әлдеқашан өлдіге санаған едім», - деп жазады. Сенсеңіз, әлемдік деңгейдегі құндылық көзі, ақылдың өзі афоризмдерге ғашықтығым тап осы ойдың үдесінде. Имандай шыным! Орыс жазушысы, 60 мыңнан аса афоризмдердің туындыгері Аркадий Давидовичтің: *«Маған қазанамаңның қажеті шамалы, ең дұрысы, оның орнына менің нақыл сөздерімді жазыңдар»* дегені бар-ды.

«Есенінде-тірінде бір болыңыз бәріңіз» деген Асан қайғы бабамыздың *«Білгеннің қандай пайдасы, білместі жолға салмаса»* деп толғағаны бар. Ал *«Надандықтың белгісі – тілін алмау білгеннің»* деуінде қаншама салмақ бар десеңші! Ендеше, халық жадындағы афоризмдер кешені – даналықтың зердесі, парасаттылықтың пердесі, кемеңгерліктің көзі, ғұламалықтың өзі. Әбіш Кекілбайұлына жүгіне айтар болсақ, *«қазір қайсысымызға да ақша да, басқа да қат болғанымен, ең басты қат нәрсе – ақыл. Жанашыр достың ақылы. Көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің немесе солардың тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары»*. Демек, афоризм – «көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің» өмірі тәжірибенің «тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары». *Мәселен, үндемегеннің өзі де жауап дегенді қалай түсінеміз? Афоризм бұған не дейді? Сократқа сүйенсек, екі жағдайда ғана сөйлеуді қолдайды: бірі – өзіңнің сөйлер нәрсеңді айқын ойланып алғанда, екіншісі – бір нәрсе жайында айтудың аса қажеттілігі туындағанда. Тек осы жағдайларда ғана үндемегеннен сөйлеуді мақұл көрсе, қалған тұстарда сөйлегеннен сөйлемегенді анағұрлым артық санайды. Шал ақын айтпай ма: «Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық, Бәйге алмаған жүйріктен, белі жуан бесті артық» деп. Иә, көп сөйлеген көп сәтсіздікке де ұшырамақ, ендеше сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ. Белгілі орыс заңгері, танымал сот шешені А.Ф.Кони мәнді ештеңе айтпағаннан, үндемеуді артық көрсе, американдық жазушы Кристиан Боуви: *«Ақылды сөйлеу – қиынның қиыны, ақыл безбеніне салып үндемей қалу одан да қиын»* деген. Демек, өзінің тіліне күші жетпеген адамның сөзінде шынайы шындық болмасы анық. Ұлы ойшылдардың бірі Анахарсис кейінгіге тіліңді, тәбетіңді, нәпсіңді тыйып ұстау турасында ұлағат*

қалдырған. Тұлғаның орнымен сұрауға, көңіл қойып тыңдауға, байсалды түрде жауап беруге және басқа айтар ештеңесі жоқ кезде сөйлеуді доғаруға үйренгені абзал. Бұл орайда: «Егер айтпағаныңа бір рет өкінер болсаң, үнсіз қалмағаныңа жүз рет өкінерсің», – деген ойшыл Лев Толстойдың бұған жалғастыра адамдар қалай сөйлеуді үйренумен әуре болып жүр, ең басты ғылым қалай және қашан үндемеу керектігін айтуы ескеруге тұрады. Испандықтар көп сөздің әрдайым көңілден шықпасын мойындаған. Мың сөз де бір істің жарымына татымайды. Көп сөз – көк жасық. *Шыны керек, кей тұлғаның сөйлегенінен үндемегені жақсы.* Үндемегеннің философ атанары даусыз. Ақылы аздың айқайы көп. Аталы сөзді айтпастың ауызы жабылмас. *Жолдасыңды жоғалтпайын десең, жазғырса да, жақ ашпа.* Дұрысы, білмей шалқып сөйлеуден, сөйлемей тұру бес артық - ау! Үнді ойшылы, қоғам қайраткері Мохандас Карамчанд Ганди: «Өзінің тіліне күші жетпеген адамның сөзінде шынайы шындық болмайды» деген. Ағылшын жазушысы, философ Томас Карлейль: «Сөйлей білу – жақсы ғой, бірақ үндемеген – одан да жақсы» десе, американдық жазушы Эдгар Хоу: «Көп адам жақсы нәрселер айта алады, бірақ тыңдай білетіндер тым аз, өйткені бұл үшін ақылдың күші қажет» деген. «Есті адам тілін тия алады, бірақ ойын тия алмайды» (Шәкәрім). «Бойда – қайрат, ойда – көз, болмаған соң айтпа сөз» (Абай). «Үндемеуден ұялған, саналмайды ұяңнан» (М.Әлімбаев). «Саулық тілеп, табыс күтсең ісіңнен, Жарамайтын сөз шығарма тісіңнен» (Ж.Баласағұн). «*Орынсыз айтылған артық сөз опық жегізеді. Егер сөйлеген сөзіңнен бір нәрсенің пайдалы иісі сезіліп тұрмаса, ондай сөздің айтылмағаны жақсы*» («Қабуснамадан»). «Көп сөйлесең «езбесің» деп жек көрер, Сөйлемесең «мылқау» екен деп сөгер. Бұлай болса, тең ортасы – керегің, Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің» (Ж.Баласағұн). «*Ықылассыз тыңдаушыға сөз айтқаннан тыныш отырған мақұл*» («Қабуснамадан»). «Айтылмаған сөздер – саф алтындай, Тістен шықса – қалар бақыр қалпындай» (Ж.Баласағұн). «*Ақылы шамалы адам жақынын жек көретінін де жария ете береді, ал ақылды адам бұл жәһінде тіс жармайды*» (Соломон). «*Нақақ жабылған жалаға қарсы ең үздік жауап - оған үнсіз жирене қарау*» (Иоганн Энгель). «Дидарласушыңмен сұхбат жүйкеңе тие бастағанын сезсең, сөйлеуді мезетте доғарғайсың. Айтылмаған сөз – алтын іспетті» (Л.Н.Толстой). Түйеріміз – үндемеген ұнамсыз сөз айтпайды. Ақымақ ойбай салар, ақылды ойға шомар.

Сондай-ақ, *тыңдай білуді ұлылыққа балаймыз. Сыры неде?* Афоризмге жүгінсек, Махамбет бабамыз айтады: «Арғымақтың баласы аз жусар да көп жортар, *Адамзаттың баласы аз сөйлер де көп тыңдар*» деп. Абай данамыз айтады: «Ақы беріп тыңдатқан сөз көкейге қонар ма? Құлағын сатқан тәңір атқан оңдырар ма, оңар ма?» деп. Иә, «*адам сөзді тыңдай білген жағдайда ғана шешен болады*» («Қабуснамадан»). «Сөздің бәрін тыңда, керегін ал», – дейді Орта Азияның әйгілі ақыны, қазақ ғалымы Жүсіп Баласағұн. Грек данышпаны Клеобул (б.э.д.540-460) «Айтқаныңнан тыңдағаның көп болсын» деген. «*Тыңдай білу мәдениеті жоқ кездегі сөйлеу*

дағдысы – біздің бүгінгі күніміздің айқын да мұңды белгісі» (Эватл) де. Демек, ақылды сөзді ақымақ та тыңдайды. Ал аузына ие бола алмаған есірікке құлағыңды қор қылмағайсың. Былжыр сөзге бітеу құлақ. Олай болса, сөйлеген егерін, тыңдаған орарын білелік!

Сөз сөйлеуге даярлықты демосфендік дағдыға неге теңейміз? Тағы да иланымды жауапты сан гасырлық тәжірибе түйіні айтсын. «Небір өнер, небір даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін емес» (Демокрит). «Ғалым сөзін естіп ал, есіңде ұста» (С.Сарайи). «Ақындар туа пайда болады, шешендер жүре пайда болады» (Марк Тулий Цицерон). «Шынайы шешендікке адамды баулу үшін, қоңырау дауысты, тәртіпті сақтайтын полицияның керегі жоқ» (Раф Эмирсон). «Кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік» (Демосфен). «Аз білетініңді ұғыну үшін, көп оқып үйрену керек» (Мишель Монтень). «Қалам – ең жақсы тәлімгер, жазылған сөз тап қазір ойлаған сөзден артық» (М.Т.Цицерон). «Білмегенге – ермеген» (Күлтегін). «Тастағы жазудан тағылым алғайсың» (Білге қаған). «Мен мақалдардан өте көп өнеге алдым, басқаша айтсам, нақыл сөздермен ой толғап үйрендім» (Максим Горький). «Күн сайын ең болмаса бір ән тыңдап, жақсы картина көріп, мүмкін болса, қандай да бір нақыл сөз оқып отырған жөн» (Иоганн Гете). «Ойлы адам қашан да ұлы адамдар сынақтан өткізген жолдарды іріктей келе, ең таңдаулыларына еліктеуге тиіс, сонда әлгі кісілердің ғұламалығына жетпегенімен, оның кейбір ұшқынын болса да бойына дарытады» (Никколо Макиавелли). «Адамның сөйлеу өнерін дамытуда жазбаша сөйлеу ерекше маңызды. Өйткені мұнда сөзді санамен өңдеуге мүмкіндік көбірек болады» (Б.М.Теплов). «Бір нәрсеге не өнерге талпыну үшін адамдарға ең алдымен табандылық қажет» (Әбу Насыр әл-Фараби). «Даңқты адамдардың рухына бас иіп, тағызым ету соларға ұқсасам екен деген тілекті оятады» (Тоқсары). «Адам баласы өрмекшіден тоқуды үйренсе, қарлығаштан үй салуды, бұлбұлдан ән салуды үйренген» (Демокрит). «Өз сөзіңді кез келген білікті кісінің сөзімен салыстыр: әуендес келсе, айта бер, қайшы келсе, қысқарт» (Рашид-ад-дин). «Еңбекті жан-тәнімен сүймейінше, ешбір талант та, ешбір кемеңгер де шықпайды» (Д.И.Менделеев). «Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу» (Әбу Насыр әл-Фараби). «Білу ғана аз, сол білгеніңді істе қолдана білу керек» (И.Гете). «Адам естіп-білгені арқылы ғана жетілмейді, еңбек пен іс-әрекет үстінде қалыптасады» (Альберт Эйнштейн). «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі, ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» (М.Әуезов). «Сөйлей білмейтін адам мансап биігіне көтерілмейді» (Наполеон I (Бонапарт)). «Қашан да бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, одан соң көзіңізді жұмылдырыңыз, егер де ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға сонда ерік беріңіз» (Б.Алтынсарин). «Алдымен ізгі ниеттерге, ал одан соң

даналыққа үйрен, өйткені алғашқысыз соңғысына үйрену қиын» (Сенека Луций). «Өзіңе тең емеспен достаспа, өз қатеңді жөндеуге қорықпа» (Конфуций). «Күз әуені жаздан белгілі» (Махмуд Қашқари). «Еңбек етуге дағдыланып алсаң, онсыз тіршілік ете алмайсың. Бұл дүниедегінің бәрі еңбекке байланысты» (Луй Пастер). «Білім еске сақтау арқылы емес, өз ойының күш салуымен алынғанда ғана білім» (Л.Н.Толстой). «Сөйлеу сөз болатын нәрседен туындап, дамуға тиіс. Егер шешен оны тұтас қамтып, зерттеп алмаған болса, онда шешендік атаулы бекершілік, балалық тырбаныс» (Т.М.Цицерон), т.б... Қуанарлығы – осылай жалғастыра беруге боларлығы. Бүгінгі ұрпақтың сауалына берілер әлемдік өркениеттегі ата-баба жауаптарының бірінен-бірінің өтімділігі, бір-бірін толықтыра, толыстыра, тереңдете түсетіндігі. Әрине, қолға алған белгілі бір көркем шығармадағы не ғылыми еңбектегі түйін-тұжырымдардың ойлантары, ойыңа ой қосары даусыз. Мәселен, бірнеше бестселлер кітаптарының авторы, 20 жасында тағдыр тәлкегіне ұшыраған шешен тұлға Хэл Элродтың «Магия утро» (Как первый час дня определяет ваш успех) еңбегін қолға алып, тамсана оқып шыққаннан кейін терең ойда қалдым. Нәтижеде неміс философы Артур Шопенгауэрдің (1788-1860) таңғы сәтке қатысты философиялық тұжырымын былайша аудардым: «Таңертеңгілік – әрбір күн атаулының нұрлы да нәрлі тұсы, балалық шақ іспетті. Осы тұста тұп-тұнық мөлдірлікті, уыз қалыпты, айрықша айқындылықты, ерекше жеңілділікті аңғарамыз. Бойға біткен күллі күш-қуатты сезінеміз, күллі қабілет-қарымымыз кемерінен аса төгілу күйін кешеміз. Демек, керіле жатып, кеш тұруымызбен таңертеңгілік уыз шақты қолдан қысқартпау жөн, мәнсіз іс-әрекетпен, бос әңгімемен ысырап етпеу жөн. Бұл сәтті адам өмірінің нағыз мәнді бөлшегі (квинтэссенциясы) тұрғысында мәпелей қарау не белгілі бір ретте қастерлі де қасиетті мезет ретінде бағалау орынды» деп. Аударма нұсқасын студенттеріме ұсындым... Сонда ғана арқамның құрыс-тұрысы жазылғандай, түйілгенім сәл-пәл шешілгендей болды... Атақты физик, салыстырмалылық теориясының, қазіргі квантты механиканың негізін қалаушы, әлемдік деңгейдегі аңыз адам Альберт Эйнштейн ғылымның ешқашан да және еш уақытта да жазылып біткен кітап еместігін, олай бола да алмайтынын айта келіп, «ғылымдағы әрбір маңызды табыстан жаңа мәселелер туындайды» дегені бар-ды. Айтса айтқандай, бір өзі бір сом кітапқа бағалана әрбір афоризмдердің өзі келелі құндылықтарға бастайтындай...

✓ **Отбасында ата-әже ретінде немере-жиендерге ертегі, мысал, тақпақтарды бірлесе оқуға қалай қарайсыз? Тиімділігі неде?**

Қазақтың қайсар мінезді талантты ақыны Қасым Аманжолов айтқандай, отбасы – шағын мемлекет. Отбасының сәні – сыйластық, достық сәні – қимастық емес пе? Халық даналығына ден қойсақ, атасыз үй – батасыз, анасыз үй - панасыз. Ата – асқар тау, ана- бауырындағы бұлақ, бала

– жағасындағы құрақ. Ата – бәйтерек, бала – жапырақ. Атаның жүгі - атанның жүгі. Ата балаға сыншы. Ата сөзі – бата сөзі, ана сөзі – ақылдың көзі. Атасыз ұл - жетесіз ұл. Атадан – өсиет, анадан – қасиет. Үйінде атасы бардың берер батасы бар. Ал бала – адамның бауыр еті, жүректің миуасы, көңілдің гүлі, көздің нұры. Бала – балым, баланың баласы – жаным. Бала балдан тәтті, немере жаннан тәтті. Олай болса, отбасында ата-әже ретінде немере-жиендерге ертегі, мысал, тақпақтарды бірлесе оқу – аса қажетіс. Баланың жақсысы – сүйініш, жаманы күйініш. Баланың сүйініш болуы да, күйініш болуы да ата-әже, әке-ана тәрбиесінен. Бұл ретте баланы ақырып үйретпе, ақырын үйретейміз. Баланы жақсылыққа жанастыру, жамандықтан адастыру жөн. Отбасында ата-әжелеріміздің немере-жиендеріне ертегі, мысал, тақпақтарды бірлесе оқуының, ауызша образға ене мазмұндап, мәнерлеп айтуының тиімділігі шаше тектен. Бұл – менің сүйікті ісім, ұнататын хоббиым! Көмекшілерім – балаларды кішкентайынан халық ауыз әдебиетімен сусындататын көркем суретті қиял-ғажайып, тұрмыс-салт және батырлар туралы ертегілерінің жинақтары, Қадыр ақынның «Күміс қоңырауы» және «Айгөлек» республикалық балалар журналы, т.б. «Талапты бала талпынған құстай, Құмары қанбас биікке ұшпай» дегендей, баланы армандауға, қиялдауға, сөздік қорын байытуға баулисыз. Сөздің тонын, мәнерін қалыптастыра шыңдайсыз, шеберлігін арттырасыз. Күнсіз гүл өспесін, күтімсіз ұл өспесін білген жөн. «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала» демекші, әдепсіз бала – аяққа басылғаншала. Демек, аталғаніс – немере-жиеннің әдебін қалыптастыруға сеп. Ұстазына қарап бала өсерін, бақташысына қарап мал өсерінескерсек керек. «Балаға айтқан сөз – байлаусыз бұзау» деп түңіле бермегейсіз. *Баланың аузымен періште сөйлерін ескергенге не жетсін!* Бала – ата-ананың көз қуанышы емеспе? *Түптің түбінде атаұлы аталықтың сөзін айтары даусыз.* Ендеше, бұл ретте Майқы би бабамыз айтқандай, тұлпардан тұлпар туарын, сұңқардан сұңқар туарын, асылдан асыл туарын, жалқаудан масыл туарын, масылдан мал бақпас туарын, тілазардан қылжақпас туарын, сараңнан бермес туарын, соқырдан көрмес туарын, мылжыңнан езбе туарын, қыдырмадан кезбе туарын ескерген жөн-ау! Қысқасы, келешек ұлт тірегі болар тұлғаның кісілігі – бүгінгі ата-әженің немере-жиенді ұлттық құндылықтарға орны мен баулибілуінде.

✓ Қандай кітаптарды оқуға кеңес берер едіңіз?

Жоғарғы ретте біз санамалаған көркем, ғылыми дүниелерге қоса Немат Келімбетовтың «Үміт үзгім келмейді» ғұмырнамалық деректі хикаят-монологын, «Күншілдер» хикаят-диалогы мен «Қариялар», «Ұлыма хат» эсселерін, Әзілхан Нұршайықовтың «Әдеби күнделігін», Герольд Бельгердің «Тень минувших дней» күнделігін, «Шедевры восточный мудрости», «Қазақ афоризмдері» (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін), «Золотые правила успешных людей» жинақтарын зер сала оқуға

кеңес берер едім. Сондай-ақ Энтони Роббинстің «Книга о власти над собой», Карстен Бредемайердің «Черная риторика: Власть и магия слова», Аллан Пиз, Барбара Пиздің «Харизма. Искусство успешного общения», *Кэтлин Адамстың «Дневник как путь к себе»(22 практики для самопознания и личностного развития)*, Ричард Брэнсонның «К черту всё! Берись и делай!» сияқты әлемдік деңгейде танымал еңбектерді бүгінгі ізбасар шәкірттеріміздің міндетті түрде салмақ сала ойлана оқығанын қалар едім. Бұның бәрі – көркем шығарма оқуға қажетті адами сананы алдын-ала әзірлеу де.

✓ **Биылғы жылы туғанына 100 жыл толғалы отырған Жұбан ақын атындағы кітапхана оқырмандарына айтар тілегіңіз.**

Ұлтымыздың ұлылығын, қазақтың қазақтылығын күллі әлемге паш еткен Жұбан есімді тұлғамыздың рухани мұрасы бүгінгі жаңа ұрпаққа терең ой салғай! 2020 жылы сәуір айының 30-ында қолыма Мәскеу Жазушылары Одағының «Венец» сыйақысының иегері, ақын, аудармашы Татьяна Кузовлеваның Жұбан ақынның 100 жылдығы қарсаңында сәуірдің 27-сі күні жолдаған «Легко ли жить крылато? » (О трёх счастливых знаках в судьбе Джубана Мулдағалиева) атты мақаласы тиді. Мәскеулік ақын Жұбан сөзін эпиграф ретінде алған («Легко, конечно, жить крылато в небе, Труднее жить крылато на земле»). Мақалада «Всегда подтянутый и энергичный, он шёл по жизни крылато и твёрдо, преодолевая выпадавшие ему испытания с открытым забралом. Шёл, по его собственному выражению, «лицом к судьбе»; «Поэты пишут свои биографии стихами» дегенүзінділер бар. Ұнамды!.. Ер мінезді, кесіпбірайтарлыққасиеті бар, таза да адалеңбекқоржанкітапхана директоры Оразаева Шолпан Қуанышқалиқызы аталмыш мақаланы жергілікті «Приуралье» газетіне ұсынуды жөн көріп отыр екен. Қолдау білдірдік... *Білуімізше, ғылым мен көркем әдебиет теортақ қасиеттер мол: бұлардың екеуіне де бақылау да, салыстыру да, зерттеу де тән.* Шынайы көркем шығарма адам бойына қаншама рухани құндылықтарды еге алады десеңші! Көркем шығарма адамды адам иландырады, адами кеудені абаттандырады. Түптің түбінде көркем шығарма тұлғаны бір мезет ойлануға жетелейді, тіпті еркіннен тыс мәжбүрлейді. *Десекте, оқу айтулы ережелі тұжырымдарды меңгеру үшін, ал тәжірибе одан ауытқу жолдарын игеру үшін керектігін білгенге не жетсін!* Өз тұсында қытайлық философ, қытай халқының дәстүрлі ілімі даосизмнің негізін салушылардың бірі, «кәрі ғұлама» Лао-Цзы: «*Ойыңызға мұқият болыңыз, кезкелгені сол ойдан басталады*» деген екен. Ал Шәкәрім сынды қазақтың ғұламасы айтпайма: «*Ойыңды түзе, сөзіңе айналады. Сөзіңді түзе, ісіңе айналады. Ісіңді түзе, әдетіңе айналады. Әдетіңді түзе, мінезіңе айналады. Ал мінезің – сенің тағдырың*» деп. Әркез жадыда ұстағанға не жетсін! Олай болса, көркем туындылар арқылы санамызға жолтартқан ойымыздың у болмауын, сөзіміздің су болмауын, үмітіміздің

бу болмауын тілелік! Ол үшін көркем әдебиет оқуға бой бұралық! Ол үшін
Абайды оқуға ой бұралық!

*БҚО, Орал қаласы
қыркүйек, 2020 жыл*

ҒИБРАТЫ МОЛ ҒАЛЫМ

XX ғасырдың 90-жылдары - Кеңес Одағының ыдырауы, Қазақ елінің жаңғыруы, тәуелсіздігіміздің жариялануы қараңғы дүлей түннен кейін сәруар таң атқандай дүние жаңарған, сана оянған алапат өзгерістер кезеңі. Сөз жоқ осы кезеңде А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты да елмен бірге түледі, жаңарды. Қазақ филологиясындағы байырғы елге танымал ұстаз-ғалымдардың қатары сайдың тасындай қыз-жігіттермен толықты. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітіріп Мұрат Сабыров, Нұрлан Майманов, Люба Құсайыновалар келді, ал ауылдан тәжірибелі мектеп мұғалімдері Абат Қыдыршаев, Болат Жексенғалиевтар арнайы шақыртылды. Ғұлама декан Серікқали Шарабасовтың соңынан ердік, атақты ғалымдар Ғабдырахим Әбуханов, Қалимолла Мырзағалиев, Мәтжан Тілеужановтар салған сара жолмен жүріп, ешбіріміз адасқан жоқпыз, жаман жерді басқан жоқпыз. Сол жас мамандардың ішінен жұлдызы жарқырап, өзгеге ұқсамайтын дара жолмен жүріп, өскен, өнген тұлға – **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев.**

Абат Сатыбайұлы ардақты ана Зылиха мен асқар таудай әке Сатыбайдың кіндігінен тараған бір ұрпақтың үшіншісі болып Гурьев (*Атырау*) облысы, Теңіз (*Құрманғазы*) ауданы, Киров (*Зормата*) ауылдық кеңесінің Тайланбай ауылында дүниеге келген. 1981 жылы осы ауданның Бөкей хан ауылдық округіндегі (*бұрынғы Котяев селосы*) Н.К.Крупская атындағы орта мектебін (*бүгінде Фариза Оңғарсынова атында*) бітіріп, осы жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының филология факультетіне қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1985 жылы аталған білім ордасын үздік тәмамдаған. Жасынан «*алқада сөз сөйлемес бізден бұрын*» деп тау-тасты жарып сөйлейтін Адайдың жеті қайқысы мен бес жүйрігінің сөз өнерінен, жыр дариясынан сусындап өскен бозбаланың қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын таңдауы да - заңды құбылыс. Ол 1985 жылы Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы К.Маркс атындағы (*қазір Әбу Сәрсенбаев атында*) орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Жақсы мұғалім мектептің жүрегі емес пе. Абат Сатыбайұлы жас маман, жақсы мұғалім ретінде абыройлы қызмет атқарды. Әйгілі Максим Горький 1912 жылы И.Д.Сургучевқа

жазған хатында *«Русьтағы ең жауапты және қиын қызметпатшаның қызметі емес, әдебиетшінің қызметі»* дегенді. Ал бүгінгі Қазақстандағы ең жауапты, қиын да күрделі қызмет - министрдің де, әкімнің де емес мұғалімнің қызметі, оның ішінде ең жауаптысы-қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Жауаптылығы сол, жас маман сауатсыз болса, іс қағазын жаза алмаса, ойын дұрыс жеткізіп сөйлей алмаса, мекеменің маңдайшасындағы атаулардан қате кетсе, жарнама сауатсыз болса, сценарий дұрыс құрылмаса, Наурыз тойы ойдағыдай өтпесе, оқушы тентектікжасап, дөрекілік көрсетсе, басты кінәні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінен көреміз. Өйткені қазақ тілі мен әдебиеті - рухани тәрбиенің көзі. Сәби дүниені ананың тілімен таниды. Адамзат баласы тал бесіктен жер бесікке дейін жақсы мен жаманды сөз арқылы айырады, ұғады, түсінеді. Демек, адамды адам ететін, ұлт азаматын қалыптастыратын тұғыр - *гуманитарлық білім.Абат Сатыбайұлы* - бірінші кезекте, шәкірт тәрбиелей де, шәкіртті білімге қызықтыра да білетін, оған тиісті талап қоя алатын мұғалім. Иә, *Мұғалім* - мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі (*Ян Амос Коменский*).Мектепке білімді, педагогиканы, психологияны, әдістемені терең білетін, жақсы оқыта білетін мұғалім керек болса,ондай тәжірибелі оқытушы жоғары оқу орнына да қажет. Сондықтан да Абаттың 90 - жылдары қара шаңырақ пединститутқа арнайы шақыртылуы деканаттың дұрыс шешімі болғанын өмір дәлелдеді.

Бүгінде Абат Сатыбайұлы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, «ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының (2007), атағының (2012) иегері,Ресей Риторикалық қауымдастығының мүшесі (2009), ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері (2012), Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасы Алтын медалінің және сапа жөніндегі дипломының (Diplomdi Merito) иегері (Мәскеу, 2013), ҚР Журналистер одағының мүшесі (2015), «Қазақстанның Құрметті ұстазы» (2019), «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясының бас редакторы, жоба жетекшісі, «Үздік педагог-зерттеуші», «Жоғары оқу орнының үздік педагогы»

(2020), «Үздік ұстаз» (Алматы, 2021), «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы», «Астана патриоты» (2023) төсбелгілерінің иегері, Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы (2022). Профессор А.С.Қыдыршаевтың есімі 2023 жылы «Қазақстан ТОП 100 үздік тұлғасы» - «ТОП 100 успешных людей Казахстана» энциклопедиясына, «Қазақстанның Алтын кітабына» («Золотая книга Казахстана») (Астана, 2023) енгізілді.

Абат Сатыбайұлы - Қазақстандағы оқыту әдістемесін, шешендік өнердің теориясы мен тәжірибесін, жоғары оқу орындарында және орта мектептерде риториканы оқыту әдістемесі мен технологияларын зерттеуге мол үлес қосып жүрген бірден-бір нәтижелі табысты ғалым. *Табысты адамның өмірде қолы жеткен жағдайымен емес, табысқа жетудегі жеңген кедергілерімен өмішеу керектігі* турасындағы тәмсіл бары мәлім. Осыншама атақ, дәреже, абырой биігіне Әбекең соқтықпалы, соқпақсыз қиын жолдардан өту арқылы жетті. *«Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап, әуре етеді ішіне қулық сақтап, өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап»* деген ұлы Абай ғибратын кие тұтты. Еліміз тәуелсіздігін жариялаған өтпелі кезеңдерде теңге тұрақсыз, ақша құнсыз тұста аш құрсақ болса да аққанат армандардың жетегінде жүріп, 1993-1995 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аспирантурасында оқыды. *«Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек»* деп ұлы Мұхтар Әуезов тегін айтпаса керек-ті. Өз ісіне мұқият, жанкешті еңбекқор, бір минутын зая жібермейтін, бірнеше жерде жұмыс істеп, кітапханада кітап кеміруге де уақыт таба білетін Әбекең өз тұстастарына үлгі болды. Талант тоғыз, табандылықпен тоқсан тоғыз. Табандылықсыз ғылымда жетістікке жету мүмкін емес. 1995 жылы ғылымдағы еңбекқорлығымен аңызға айналған академик Нұржамал Оралбаеваның ғылыми жетекшілігімен «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғады. 1998 жылы «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты жеке монографиясы жарық көреді. Профессор Нұржамал Оралбаева осы зерттеу еңбектің алғы сөзінде: *«Ахмет Байтұрсынұлының өз заманының әдістеме ілімін толық меңгеруі*

оның өз жүйесін жасауына негіз болғанын А.С.Қыдыршаев өте байыпты дәлелдеген. Еңбекте, әсіресе, А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің ірге тасын қалаушы ретіндегі қызметі өте тиянақты, теориялық тұрғыда анық дәлелдемелер арқылы ғылыми негізде жазылған. Қазақ халқының ұлы данышпан азаматының мол ғылыми мұрасын халыққа жан-жақты толық таныстыру – қазіргі ғалым азаматтардың зор міндеті. Осы міндетті А.С.Қыдыршаев абыроймен өзінің зерттеуі арқылы толық атқарған деп санаймын», -деп жоғары баға береді.

Талантты да еңбексүйгіш адам үшін тосқауыл жоқ. Бұрынғы Орал педагогикалық институты, бүгінгі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Абат Сатыбайұлы тек ғалым ғана емес, шебер ұйымдастырушы ретінде басшылық қызметтер атқарды. «Қазақ тіл білімі», «Қазақ лингводидактикасы», «Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы», «Кәсіптік білім», «Қазақ және орыс тілдері» кафедраларының меңгерушісі, филология, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика, мәдениет және өнер факультеттерінің деканы, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор, «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры болып абыройлы қызметтер атқарды.

Адамның қызметі биік идеямен рухтанбаса, жеміссіз де, түкке тұрғысыз (Н.Г.Чернышевский). Ғылымға құмар Абат Сатыбайұлы ұстаздық қызметпен қатар ғылыми сара жолдан айныған жоқ. Бұл тұрғыда Шарабасовтың шекпенінен шыққан мықтылардың бірегейі деуге болады. Академик Зейнолла Қабдолов жанында жүрген адамға қанат бітіреді деген сөз бар. Ал профессор Серікқали Шарабасовтың соңына ергендер шалқар шабытты, мақсаткер болады.

Абат Сатыбайұлының 2000 жылы «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты монографиясы «Білім» баспасынан жарық көрді. 2001 жылы осы тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. Осы еңбектер нәтижесінде Абат Сатыбайұлы әдіскер ғалым ретінде қалыптасты. Ұлы Абайдың «Әрбір хакім - ғалым, ал әрбір ғалым хакім емес» деген сөзі ғалым ұстаз жайлы айтылған анықтама сияқты. Абай сөзінің сырына бойласақ, ғалымдық білуде, білімдарлықта болса, ал ғалым хакім, яғни, ғалым ұстаз – сол білгенін басқаға үйрете алатын,

білдіру шеберлігін меңгерген адам. Ал Әбекеңнің білдіру шеберлігі, шәкірттерді үйрету, ғылым жолына бағыттауы - бір төбе. Мәселен, 40-тан астам магистр, екі ғылым кандидатын дайындады. Адамның білімі мен өнері - адамшылық таразысы. Абаттың бойында қалыптасқан ғылым мен сол ғылымды үйрету өнері талай шәкірттің бағын ашты. Ал бүгінгі профессор Абат Қыдыршаевтың соңына ергендердіңшетінен еңбекқор, табанды болатынын көріп отырмыз. Ұрпақ сабақтастығы, жақсыдан шарапат деген осы.

Мектеп мұғалімінен ұлағатты ұстазға айналған Әбекең - бүгінде ғибратты ғалым. Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты - қазақ тілін оқыту әдістемесі, шешендіктануды (риторика), шешендік өнерді оқыту теориясы мен практикасы, педагогикалық, техникалық жоғары оқу орындарындағы және орта мектептердегі риторика, оны оқытудың әдістемесі мен технологиялары, педагогикалық риторика, тілтану педагогикасы мен психологиясы, әдебиеттану педагогикасы мен психологиясы, этнопедагогика, ахметтану, махамбеттану, фарабитану, абайтану, жұбантану, шешендіктану және қазақ афористикасы проблемалары. Осы салаларға қатысты 500-ден астам ғылыми еңбектері, 3 монографиясы, бірнеше оқулық, оқу құралдары жарық көрген. Профессор А.С.Қыдыршаевтың жетекшілігімен он үш авторлық курс даярланды («Ахметтану», «Шешендіктану», «Сөйлеу мәдениетінің негіздері», «Педагогикалық риторика», «Махамбеттану», «Тілдік қатынас мәдениеті», «Шешен сөйлеу мәдениеті», «Фарабитану», «Абайтану», «Жұбантану», «Даналықтану», «Кабуснама тағылымы», «Қазақ афористикасы»). Аталмыш курстардың бағдарламалары әзірленіп басылым көрді. Барлық курстар бойынша тұрақты түрде шеберлік сағаттары жүйелі өткізіліп, дәрістер курсы әзірленді.

Атақты физик Исаак Ньютон: *«Мен барлық жаңалықтарымды өзіме дейінгі ұлылардың иығына сүйеніп тұрып аштым»* деген-ді. Абат Сатыбайұлының да ғылымдағы жетістіктері, ғылыми тұжырымдары кеңес заманында іргесі қалыптасқан қазақ филологиясы мен педагогикасынан бастау алады. Тіл мәдениетін зерттеген белгілі ғалым Мәулен Балақаев: *«Тіл мәдениеті деген ұғым тілдің мәдениетке қатысты екенін аңғартпайды, тілдік тәсілдердің кемелдену, ширау, жүйелену дәрежесінің қандай екенін меңзейді. Сондықтан сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың*

өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік тіл мәдениеті дегенге енеді. Мақсат - сол мәдениетті дамыту, сол үшін күресу» деген-ді. Профессор Абат Қыдыршаев осы идеяны әрі қарай дамытып, шешендікті игерудің жолдарын саралады. Ғалым: *«Бүгінгі таңда зиялы адамның сүреңсіз де сөлекет сөйлеуі, яғни, шешен сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі сияқты ыңғайсыз көрінуі тиіс, ал білім беру мен тәрбиелеу ісін толық жүзеге асыруды шешендіксіз көзге елестету қиын»*, - дей келіп, шешендіктанудың ғылым саласы және оқу пәні екенін дәлелдеді. Шешендіктануды шаршы топ алдында сөз сөйлеудің заңдылықтары туралы ғылым ретінде қарастырып, теориялық және практикалыққырларын талдап түсіндірді. Шешендіктану - ғылым, оны кейде сендіру коммуникациясының теориясыретінде қарастыруға болады. Ғалым: *«Шешендік сөз - жанды сөз әрекеті арқылы көрініс беретін эмоционалды-интеллектуалды шығармашылықтың ерекше бірегей түрі»*, - деп тұжырымдайды. Сонымен қатар Марк Тулий Цицеронның *«шешендер жүре қалыптасады»* деген тұжырымынабаса көңіл бөліп, шаршы топ алдында сөз сөйлеуге даярлық пен оны жүзеге асырудың басты кезеңдерін айқын көрсетеді. Олар *-коммуникативті сатыға дейін (тақырып таңдау, мақсат, стиль, т.б.), коммуникативті саты (шешендік қалып, аудиторияны басқару, дыбыстау техникасы, т.б.), коммуникативті сатыдан кейін (сөйлеген сөзді тыңдау, ілгері сөйлеуге материалдарды жетілдіре дамыту)*. **Профессор Абат Сатыбайұлы-республикамызда «Шешендіктану» оқулығын тұңғыш рет жазып, мемлекеттік тіліміздің дамуына және мамандар даярлау ісіне зор үлес қосушы.** Бүгінгі таңда «Шешендіктану» оқулығы молсұранысқа ие болып, төрт рет (2004; 2013; 2015;2023) басылып шықты.

Бүгінде профессор А.С.Қыдыршаевтың М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры ретінде атқарып отырған еңбегі ұшан теңіз. Қазіргі таңда ғалымның авторлығымен **«Рухани жаңғыру: жаңа ұрпақты ұлттық рухани құндылықтарға баулу ісі, айқын мақсат, нақты міндеттер»** атты әдістемелік оқу құралы жарық көрді. **Профессор Абат Сатыбайұлы - қатепті қара нардай ұжымды өрге сүйреп жүрген азамат, тектілік тұғырындағы**

тұлға, ұстаз, ғалым, журналист, қоғам қайраткері. Асқаралы алпыстың асуына шығып, елге есеп берер шаққа да жетті.

Әрбір жетістікке жеткен ер азаматтың артында мықты әйел тұратыны белгілі. Атап айтсақ, өмірлік жан жары, жанұя отанасы *Диамара Қабденқызы* - ағайын-туысқа, өз замандас-әріптестеріне сыйлы да абыройлы жан, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Агротехнологиялық институтының «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебінің доценті, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» (2015) атағының иегері.

Сөзімізді түйіндей айтар болсақ, ғибраты мол ғалым, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев - ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, бағын бағалап, талантын тынымсыз еңбекпен ұштап, ғылыммен көркейіп отырған азамат. Бақ пен дәулет тең келсе, адамның толар кемелі демекші, ғылымың көбейсін, *Дос, Замандас, Кемел тұлға* дегіміз келеді.

*Мұрат Бөкенбайұлы Сабыр,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Өркен. - 2023. - 31 қазан. - №9. - Б. 12.

ФОТОГРАФИИ









































Послание Президента РК. 1 сентября 2023 год.





Награждение. 2022 год

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Трибун по жизни.....	5
Абат Қыдыршаев: «Этого послания мы очень ждали».....	9
Воспитать патриотов.....	11
Абат Қыдыршаев: «Ұлы даланың рухани ұстазынан үлгі алсақ, ұтылмаймыз».....	16
Ғалым-ұстаз дара жолды таңдаған.....	24
На моих занятиях никто не зевает.....	30
Абат Қыдыршаев: «Сөз - қоршаған әлемге қаратылған терезе...».....	34
Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі туралы қысқаша очерк.....	38
Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі туралы қысқаша очерк.....	50
Краткие сведения о научно-педагогической, общественной деятельности и семье профессора Абата Сатыбаевича Кдиршаева.....	55
Өмірі мен ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі белестері.....	68
Основные этапы жизни и деятельности Абата Сатыбаевича Кдиршаева, доктора педагогических наук, профессора, академика Академии педагогических наук Казахстана.....	99
Еңбектерінің библиографиясы.....	126
Библиография трудов.....	126
Профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың редакторлығымен басылым көрген еңбектер.....	131
Труды под редакцией профессора Абата Сатыбаевича Кдиршаева.....	131
Электрондық оқулықтар.....	133
Электронные учебники.....	133

Профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың газет-журнал беттерінде басылым көрген сұхбат-интервьюлері.....	134
Интервью профессора Абата Сатыбаевича Кдиршаева опубликованные на страницах газет и журналов.....	134
Пікірлер.....	138
Рецензии.....	138
Халықаралық, республикалық конференцияларда жасалған баяндамалары, ғылыми хабарлары және қатысы.....	149
Доклады, научные сообщения и участие в международных, республиканских конференциях.....	149
Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	192
Хронологический указатель трудов.....	192
Өмірі мен қызметі туралы әдебиеттер.....	247
Литература о жизни и деятельности.....	247
Профессор А.С.Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен қорғалған кандидаттық диссертациялар.....	261
Кандидатские диссертации защищенные под научным руководством профессора А.С. Кдиршаева.....	261
Профессор А.С.Қыдыршаевтың оппоненттігімен қорғалған докторлық диссертациялар.....	262
Докторские диссертации защищенные оппонентом профессора А.С. Кдиршаева.....	262
Профессор А.С.Қыдыршаевтың оппоненттігімен қорғалған кандидаттық диссертациялар.....	264
Кандидатские диссертации защищенные оппонентом профессора А.С. Кдиршаева.....	264
Профессор А.С.Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен қорғалған магистрлік диссертациялар.....	267
Магистерские диссертации защищенные под научным руководством профессора А.С. Кдиршаева.....	267
Көркем шығарма – рухани жаңғыру көзі (сұхбат).....	275
Ғибраты мол ғалым.....	288
Фотографии.....	295

Басылымға жауапты:

Т.Е. Алимбекерова, *Ғылыми кітапхананың директоры*

Құрастырғандар:

Г.И. Джанбаева, *Ақпараттық технология және библиография
бөлімінің меңгерушісі*

А.В. Погодаева, *Ақпараттық технология және библиография
бөлімінің библиографы*

Ответственный за выпуск:

Т.Е. Алимбекерова, *Директор научной библиотеки*

Составители:

Г.И. Джанбаева, *Зав.отделом информационных технологий и
библиографии*

А.В. Погодаева, *Библиограф отдела информационных технологий и
библиографии*